1. Мұғалімнің басшылығымен бақылау. (Оқушылар айналадағы табиғатты бақылауға әлі дағдыланбаған, ондағы өзгерістерді белгілеп алуды әлі білмейтін кезде, көбірек 1 сыныпта өткізіледі)

2. Жүйелі түрде қысқа мерзімдік уақытша бақылау. (Оқушылар мұғалімнің тапсырмасы бойынша серуендеу кезінде не табиғат аясында болғанда белгілі бір мезгілде бақылайды Мысалы: жыл мезгіліндегі өсімдіктер өзгерісі.)

3.Өздігінен ұзақ уақыттық бақылау (Мысалы: белгілі бір өсімдіктің өсуі, өнуі, көбеюі, тұқымы, жеміс беруі, құрауы. Көктемде, жазда, күзде, қыстағы өзгерістері. Немесе көжектің әр ай сайын өзгеруі).

4.Зерттеу жұмысына байланысты бақылау. (Белгілі бір тақырыпта оқушының қызығушылықтарына сай бақылаулар жүргізу, зерттеу қорытындысында жобалар дайындау, оны қорғау) Бақылаудың бұл соңғы түрі қазір – жобалау әдісі деп аталып жүр.

Бақылау барысында зерттеуші бақыланатын процесске белсенді араласпай, тек нәтижесін ғана белгілеп отырады. Бұл зерттеу әдісінің кезеңдері: алдымен бақыланатын нысан таңдалып алынады, бақылаудың мақсаты қойылады, зерттеу уақыты белгіленеді және нәтижесін тіркеу тәсілі таңдалады. Сондан соң бақылау жүргізіліп, қорытынды жасалады [3].

**Эксперимент – зерттеу әдісі.** Бұл зерттеу әдісінің кезеңдері: зерттеу мақсатын қою, бұрын белгісіз қасиеттерін анықтап болжам жасау, зерттеудің идеясын анықтау, жоспар құру, ресурстарын анықтау, өзіндік жұмыс жүргізу, нәтижелерді тіркеу, жұмысмерзімін нақтылап беру, қорытынды жасау. Дүниетану сабақтарында оқушылардың танымдық қабілетін арттыру үшін қолданылатын негізгі әдістің бірі – эксперимент. Оқушыларға табиғат объектілерінің қасиеттерін, табиғат құбылыстарының мәнін таныстыру қажет болған жағдайларда эксперименттер жасаудың үлкен танымдық мәні бар. Эксперименттер мұғалімнің көрсетуімен немесе оқушылардың жаппай қатысуымен өткізіледі. Мұғалім эксперимент жасау үшін төмендегідей дайындық жұмыстарын жүргізеді.

1. Экспериментке қажетті құралдарды дайындау

2. Экспериментке қажетті материалдарды іріктеу.

3. Мұғалім күні бұрын экспериментті бастан аяқ толық өткізіп байқауы керек.

4. Эксперимент өткізу кезінде оқушылардың өзін қалай ұстау керектігі жөнінде қауіпсіздік ережелерімен таныстырады.

5. Эксперимент өткізу мақсаттары мен міндеттерін хабарлайды.

6. Эксперименттің міндетін шешетін сұрақтарды алдын ала тақтаға жазып қояды.

Егер эксперимент отпен, қышқылмен жүргізілетін болса немесе балалардың орындауы үшін қиын болса, мұғалім өзі экспериментті жасап көрсетеді. Мұғалім мұндай жағдайда қажетті приборларды балалардың барлығы эксперимент барысын көре алатындай етіп, мұғалімнің үстеліне немесе тәжірибелер өткізуге арналған арнайы тұғырға жайғастырады.

Эксперимент кезеңдері	– мақсатын қою, болжам жасау
	– нұсқаулық жүргізу
	– өзіндік жұмыс
	– нәтижелерді тіркеу
	– оқушылардың жұмыс барысын әңгімелеп беруі
	– қорытынды жасау

Ұсынылған зерттеу біліктерін пәннің мазмұны меңгерту бақылау жүргізе білу қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Оқушыларды әртүрлі ресурстармен жұмыс жасай білетін ақпараттық сауаттылыққа бағытталған әрекеттер орындауға бағытайды[9].

Зерттеу әрекетіне бағытталған тапсырмаларды орындай отырып оқушылар қажетті ақпаратты тауып онымен бөлісе білуге үйрену арқылы өздігінен білім алу дағдысына ие болады.

Зерттеу әдістері мен зерттеу біліктері қоданылған сабақтағы зерттеу жұмысының ерекше белгілері:

1. Сабақтағы зерттеу танымдық іздену үдерісі болып табылады (зерделеу, анықтау, түсіндіру т.с.с.). Оқушылар мұғаліммен бірге мәселені анықтайды. Мәселені шешуге сабақтың бір бөлігін арнайды.

2. Әрқашан жаңа білім алуға бағытталады, яғни зерттеу жаңалық ашуға деген ынтадан басталады. Балалар білімді мәселені шешу, алынған мәліметтерді салыстыру сияқты жұмыстары барысында алады.

3. Тапсырманы оқушылардың өздігінен орындауы көзделеді. Мұғалім балалардың мәселелерді шешуге, зерттеуге бағытталған практикалық іс-әрекетін бағыттайды, басқарады, ұйымдастырады.

4. Зерттеу жұмысы оқу мақсатын жүзеге асыруға бағытталады. Оқу үдерісі жоғары қарқында жүреді. Оқушылардың танымдық қызығушылығы жоғары болады

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Жаратылыстану» пәнінің мазмұны «Адам – Табиғат» жүйесі шеңберіндегі ғылыми білімнің қарапайым деңгейін қамтамасыз етуге бағытталғандығы айтылған. Бұл оқу пәні білім алушылардың табиғатты тануға деген қызығушылығын, зерттеу дағдыларын дамытуға, қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан түсініп, көре білуді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны «қарапайымнан күрделіге қарай, таныстан таныс емеске қарай» принципі бойынша құрастырылған. Жанды және жансыз табиғаттың құбылыстары мен процестерінің өзара байланыстарының себебін ұғыну және түсіну, қоршаған ортаның көптүрлілігі мен күрделілігін саналы аңғару білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді. «Жаратылыстану» оқу пәні – білім берудің кейінгі деңгейлерінде дербес пән ретінде оқылатын «Биология», «Физика», «География», «Химия» оқу пәндерін оқып-меңгеруге жол бастайтын, сондай-ақ білімнің барлық салаларында маңызды орын алатын зерттеу дағдыларының іргетасын қалайды [4].



Жаратылыстану сабағы тұжырымдалған оқу мақсаттарын (дағды, білік, білім, ұғым түрінде) жүзеге асыру арқылы және зерттеуге үйрену, зерттеу дағдыларын қалыптастыру «Мен зерттеушімін» бөлімінің оқу мақсаттары арқылы орындалады.

Бұл «Мен зерттеушімін» бөлімін оқып-үйрену барысында жүзеге асады. Осы бөлімнің оқу мақсаттары оқу жылы бойында барлық бөлімдерді оқыту арқылы жүзеге асырылады, бөлімге жеке сағат бөлінбейді.

Жаратылыстану оқу бағдарламасындағы «Мен зерттеушімін» бөлімінің «Табиғатты тану әдістері» бөлімшесінің оқу мақсаттары зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына, яғни гипотеза жасау, оны тексерудің жолын ұсыну, зерттеу жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, оның нәтижесін бағалау, түрлі формада ұсыну, қорытынды шығару, ақпараттармен жұмыс істеу, оның растығын бағалау сияқты дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

«Мен зерттеушімін» бөлімі оқу мақсатының жүзеге асырылуын бірнеше мысалдар арқылы көрсете кетейік. Мысалдар «НЗМ ДБҰ» әзірлеген, базалық жаратылыстану оқулығынан алынды.

Жанды табиғат бөлімінің «Адам» бөлімшесінің «Адамның тірек-қимыл жүйесінің қызметін анықтау» және «Дұрыс дене сымбатын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру» оқу мақсаттарын оқушыларға меңгерту барысында «Табиғатты тану әдістері» бөлімшесінің «Бақылаудың басты белгілерін (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже) анықтау» оқу мақсатын қатар ұсыну арқылы дұрыс дене сымбатын сақтаудың маңыздылығын бақылап, қортынды жасауға мүмкіндік жасалады және бақылаудың қарапайым кезеңдерін жүргізе алады. Оған 2-сыныптың «Жаратылыстану» оқулығының «Зертте» айдары арқылы берілген келесі тапсырма арқылы көрсете аламыз.

Зерттелетін тақырып: Сенің дене сымбатың дұрыс қалыптасып келе ме?

Бақылаудың мақсаты: Дене сымбатының қалай қалыптасып атқанын анықтау.

Зерттеу нысаны: Сыныптағы оқушылар.

Жүргізілетін мерзімі: 20 мин.

Жоспар:

– бір оқушы орнынан тұрып, желкесін, иығын, жамбасын, өкшелерін міндетті түрде қабырғаға тигізіп тұрады. Осындай қалыпта ыңғайлы немесе ыңғайсыз болды ма?

– Екінші оқушы оны бақылап тұрады. Егер, сыныптасы өзін ыңғайсыз сезінсе, онда ол денесін түзу ұстамайды, оның дене қалпының дамуы дұрыс емес.

– Оқушылар рөлдерін ауыстырады.

– Жұптасып денені дұрыс ұстауға арналған жаттығуларды ойлап табады.

– Зерттеу нәтижесі: Оқушылар зерттеу нәтижесінде үнемі жаттығулар жасау арқылы және өзін бақылау арқылы денені дұрыс ұстауға болатынын түсіне алады.

Мұғалім зерттеу жұмысын жүргізу барысында оқушылардың зерттеуге өздерін қатыстыра отырып, нәтижелерін өздері ұсына алатындай етіп ұйымдастырғаны дұрыс. Жоғарыда берілген мысалдар «Мен зерттеушімін» бөлімінің «Табиғатты тану әдістері» бөлімшесінің мақсаттарын жүзеге асыру жолдары ұсынылды. Жаратылыстану пәнін бірізді, жүйелі оқып-үйрену оқушылардың қоршаған әлем туралы, әртүрлі денелер мен құбылыстар туралы

алғашқы білімін қалыптастырады және дамытады. ғылыми зерттеу жүргізу дағдылары мен біз өмір сүретін әлем туралы білімге ерекше назар аударылады.

Ал, «Дүниетану» пәнінің мазмұны «Адам – Қоғам» жүйесі шеңберінде кіріспе білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Пән мазмұны қоғамдық қатынастардың өткені мен бүгінін, олардың өзара байланысын, адамдардың отбасындағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынастарын танып-білуге; өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, отбасындағы, жергілікті, өңірлік, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын ұғуға; қазақстандық қоғамның құндылықтары мен жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуге; әр білім алушының өзінің табиғи қабілеттері мен шығармашылық әлеуетінің көзін ашуына; өз халқының және басқа да халықтардың мәдениетіне деген құрмет сезімін дамытуға, өз қылығы үшін жеке басы жауапкершілігін ұғынуына, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және бірге бөлісуге, адам мен қоршаған ортаға деген ізгілік қатынасын тәрбиелеуге бағытталған [5].

Бұл жағдайда білімді игерудің бірінші кезеңі жеке табиғат құбылыстарын немесе деректерін қабылдау болып табылады. Қабылдау оқушының сенімі арқылы жүзеге асып, танымға ұласады. Қоршаған дүниені білу танымға байланысты. Оқушы бойында дүниетанымды қалыптастыруда *адам, қоғам, табиғат* туралы білімдер негізгі тірек болады.

Адам – қоғам - табиғат арасындағы байланысты және олардың үнемі бірлікте дамидынын оқушылар бастауыш сыныптан бастап оқып, түсінуі, тануы тиіс.

Жаратылыстану және дүниетану пәндерінен сабақ берудің әдістемелік негізін салушы Ресей ғалымы Александр Яковлевич Герд «Адамзат барлық нақтылы шынайы білімді оқу арқылы емес: бақылаулар, салыстырулар және тәжірибелер арқылы игереді, сондықтан дүниетануда осы үш әдіс құдіретті» деп атап көрсетті.

Оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыруға әдістемелік ұсыныс:

1. Оқушыға арнайы өзекті білімді қайталауды ұйымдастыру қажет.
2. Оқытуда салыстыру дағдысын қалыптастыру. Неге? Қалай? деген сұрақтарды жиі қою керек.
3. Оқыту барысында күнделікті кездесетін жағдаяттарды өз бетімен шешулеріне мүмкіндік туғызу
4. Үй жұмысын орындау кезінде өмірмен байланысты тапсырмаларды күрделендіріп отыру
5. Оқушымен сыйластық, түсіністік қарым-қатынаста бола отырып, өз пікірлерін еркін жеткізуге дағдыландыру.
6. Жетістіктерін мадақтау, әр ұсыныстарын дұрыс қабылдау.
7. Дәлелдеу фактілерін толық жазуға бағыт беру.
8. Жаңа сабақты меңгерту кезінде өмірмен байланысты фактілерді дәлелдей білуге қызықтыру.
9. Сабақ үрдісінде орындалатын тапсырмаларды оқушылар өзара пікір алмаса отырып, орындауға бейімдеу.

Жоғарыдағы ұсынымдарға сәйкес бастауыш сыныпқа арналған оқу бағдарламалары тақырыптық бірліктерді құру және іске асыруды көздейді. Бұл тәсіл бастауыш сыныптардағы кіріктірілген оқу мен оқыту тәсілінен көрініс табады, бірақ зерттеуге негізделген тәсіл тәрізді педагогикалық тәсілдер қолданылмаған жағдайда бұл оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыра алмауы мүмкін. Зерттеуге негізделген оқу сындарлы оқу теориясына сүйенеді. Оқушыларға бағдарланған осындай тәсілді қолдану барысында оқушылар өздеріне сұрақ қояды, үйлестіруші, қолдау көрсетуші ретінде әрекет ететін мұғалімнің көмегімен фактілерді жай ғана ұсынбай, тиісті сценарий әзірлеу арқылы мәселелерді зерделейді. Оқушылар тақырыптарды зерттеу үшін ресурстарды пайдаланып, өз қорытындыларын

жасайды. Бұл анағұрлым терең білім алып, пәнді түсіну үшін қажетті айтарлықтай жоғары деңгейлі дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі. Әдетте зерттеуге негізделген оқу бастауыш сыныптарда оқытылатын «жаратылыстану» пәнімен байланыстырылғанымен, ол кез-келген пән үшін негіз бола алады, сонымен қатар, «дүниетану» сияқты әлеуметтік мәселелермен байланысты пәндер үшін керемет сай келеді. Ғылыми әдебиетте зерттеуге негізделген оқыту мен оқуға арналған үш негізгі тәсіл сипатталған. Осы үш тәсілді төмендегідей қорытуға болады:

*Құрылымдалған зерттеу.* Мұғалім оқушылар ұстанатын шешімдер мен тәсілдерді егжей-тегжейлі түсіндіреді (әр қадамды сипаттау арқылы). Оқушылар өздерінің (немесе басқа біреудің) тапқан жаңалықтарының негізінде мәселеге түсініктеме береді, талқылайды және қорытынды жасайды деп күтіледі.

*Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін зерттеу.* Мұғалім оқушылар ұстанатын белгілі бір құрылым ұсынады (мысалы, сұрақтар тізімінен зерттейтін мәселені таңдау). Оқушылар сұрақтарға жауап беру үшін тәсілді өздері таңдай алады.

*Ашық зерттеу.* Оқушылар зерттеу сұрағын және бұл сұраққа жауап берудің тәсілін өздері таңдайды. Құрылымдалған зерттеу негізінен мұғалімнің қолдау көрсетуімен жүргізіледі. Сондықтан бұл тәсілді жаңа дағды немесе тұжырым таныстырылатын сабақтарда қолданған орынды болады. Оқушылар өсіп, тәжірибесі толыға бастағанда, мұғалім жетекшілігімен жүретін зерттеуді пайдалануға болады. Оқушылардың негізгі мақсаты анағұрлым жоғары деңгейлі дағдыларын дамыта отырып, ашық зерттеу жүргізу болып табылады. Бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының аясында зерттеуге негізделген оқу белсенді оқу қағидаттарын ұстанатын қуатты педагогикалық құрал болып табылады. Ал оқушылар дәлелдерді бірлесіп талқылап, құрып, талдай алатын тиімді орта бола алады.

Алайда, бұл ашық зерттеу оқуға сай келетін жалғыз педагогикалық тәсіл деген сөз емес. Зерттеуге негізделген оқу әдісін кез келген пәнде қолдануға болады. Пән бойынша негізгі көзделген мәселе зерттеу болған жағдайда, мұғалім көмекшіге ауысып, басты рөлге оқушы шығады [6].

Аталған зерттеу тәсілдеріне негізделген дүниетану сабағындағы зерттеу үлгілері ұсынылады:

*Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін зерттеу.*

Мұғалім оқушыларға Қазақстанның таулы аймақтарында не себепті дәнді дақылдар өсірілмейді? деген мәселені зерттеуді ұсынады. Оқушылар жауап беру үшін тәсілді өздері таңдай алады. Зерттеу жұмыстарын өздері таңдаған формада ұсынады [7].



Қазақстанның таулы аймақтарында не себепті дәнді дақылдар өсірілмейді? Қандай өсімдіктердің «дәнді дақылдар» деп аталатынын қосымша ақпарат көздерінен тауып оқы.

*Құрылымдалған зерттеу.* Мұғалім оқушыларға уақыт тізбесіне қарай отырып, зерттеу жауабын анықтауды тапсырады. Уақыт тізбесін қалай қолдану керек екенін түсіндіреді. Қазақстанда қандай елеулі оқиға болғанын уақыт тізбесіне орналыстыру бойынша нұсқау береді [7].

Оқушылар өздерінің анықтағандары бойынша түсініктеме береді, талқылайды және қорытынды жасайды.



Уақыт тізбесіне қарай отырып, Кеңес Одағы неше жыл өмір сүргенін анықта. 1991 жылы Қазақстанда қандай елеулі оқиға болғанын есіңе түсір.



**Ашық зерттеу.** Оқушылар мектепте ата-аналарының қандай кітаппен оқығандарын анықтау үшін зерттеу сұрағын және бұл сұраққа жауап берудің тәсілін өздері таңдайды [7].



Ата-анаң мектепте қандай оқулықтардан білім алғанын сұра. Оларды қазіргі оқулықтармен салыстыр. Өз ойыңды қорытындыла.

Бастауыш сыныптан бастап зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыра алу білігі мұғалімнің құзырында. Мұғалім сабақтағы зерттеуді ұйымдастыру үшін ұсынылған зерттеу тәсілдерін тиімді қолдану нәтижесінде білім алушылардың адам, қоғам және табиғаттың өзара байланысуы және өзара тәуелділігі туралы білім жүйесін қалыптастыра аладыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Савенков А.И. Маленький исследователь. Развитие логического мышления. 6-7 лет. – М.: Академия развития, 2004.
2. Жексенбаева У.Б., Ниязова Г.Б. Технология исследовательского обучения школьников: метод. пособие. – Астана: РНПЦ проблем 12-летнего образования, 2006. – 72 с.
3. Савенков А.И., Обухов А.С. Методические рекомендации по подготовке и проведению Всероссийского конкурса исследовательских работ и творческих проектов дошкольников и младших школьников «Я – Исследователь» [Электрондық ресурс]. Қолжетімді режимі <https://clck.ru/ahdbp>
4. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығына 7-қосымша [Электрондық ресурс]. Қолжетімді режимі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016989>
5. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығына 7-қосымша [Электрондық ресурс]. Қолжетімді режимі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016989>
6. Жаратылыстану. Мұғалімге арналған нұсқаулық. 4-сынып мұғаліміне арналған оқу-әдістемелік құрал / Бигазина П.К., Жаманкулова А.Ж., Кажекенова Э.А. және басқалар. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2018. –172 б.
7. Дүниетану. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық / Б.Тұрмашева, С.Савиш, В.Пугач. – Алматы: Атамұра, 2019. – 144 б.

**Ж.А.ЕРЖОЛОВА<sup>1</sup>, А.Н. САКАЕВА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>КГУ «Карагандинская областная психолого-медико-педагогическая консультация»  
[kar-oblpmpk@krg-edu.kz](mailto:kar-oblpmpk@krg-edu.kz)

<sup>2</sup>Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»  
Институт повышения квалификации педагогических работников  
по Карагандинской области  
[asakayeva@orleu-edu.kz](mailto:asakayeva@orleu-edu.kz)

**ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
ТИПИЧНЫЕ И НЕСТАНДАРТНЫЕ ПРАКТИЧЕСКИЕ СИТУАЦИИ**

*Аннотация.* Представлены примеры заключений психолого-медико-педагогической консультации на обучение в условиях специального и инклюзивного образования для разных категорий детей с особыми образовательными потребностями. Выделены типы учебных программ, рекомендуемых для обучения в общеобразовательной школе при реализации инклюзивной практики. Рассматриваются функции педагога-ассистента.

*Ключевые слова:* психолого-медико-педагогическая консультация, инклюзивное образование, дети с особыми образовательными потребностями, педагог-ассистент.

На сегодняшний день в Республике Казахстан реализуются планомерные мероприятия по развитию инклюзивного образования, защите прав детей с особыми образовательными потребностями (далее – ООП), совершенствованию нормативно-правовой базы, повышению квалификации учителей в данном направлении. Большая разъяснительная работа проводится Министерством образования и науки Республики Казахстан, психолого-медико-педагогическими консультациями (далее – ПМПК). Научно-методическую и практическую поддержку осуществляют Национальная Академия имени Ы.Алтынсарина, Национальный научно-практический центр развития специального и инклюзивного образования, ТОО «Центр САТР», филиалы АО «Өрлеу», неправительственные организации. Вместе с тем, у педагогических работников остается много вопросов по внедрению и развитию инклюзивной практики. Цель настоящей статьи – предоставить педагогам квалифицированную обратную связь, ответить на вопросы в наиболее типичных и неординарных практических ситуациях при организации и реализации инклюзивного образования.

**Вопрос 1.** Какие дети относятся к категории (группе) детей с особыми образовательными потребностями и все ли дети могут обучаться в условиях инклюзивного образования?

**Ответ.** В настоящее время все дети с ООП делятся на три группы.

Первая группа – дети с ограниченными возможностями (с тяжелыми нарушениями речи, зрения, слуха, опорно-двигательного аппарата, задержкой психического развития, умственной отсталостью, расстройствами аутистического спектра). Только первая группа детей с ООП нуждается в заключении ПМПК.

Вторая группа – дети, чьи особые образовательные потребности обусловлены эмоциональными и поведенческими проблемами, а также специфическими

трудностями в развитии обучении при сохранном интеллекте. Это группа самая многочисленная.

Третья группа – дети, проблемы, в обучении которых обусловлены микро социальной и педагогической запущенностью (дети из неблагополучных семей, отдаленных сельских районов), мигранты и т.д. [1].

Все дети с особыми образовательными потребностями, за исключением детей с тяжелой и глубокой умственной отсталостью, могут обучаться в условиях инклюзивного образования в средней общеобразовательной школе либо детском саду общеразвивающего типа по месту жительства. На основании статьи 49 Закона Республики Казахстан «Об образовании» исключительно родители принимают решение о том, в какой школе будет обучаться их ребенок[2]. Дети с тяжелой и глубокой умственной отсталостью обучаются по специальным учебным программам в реабилитационном центре (РЦ) либо кабинете психолого-педагогической коррекции (КППК) и получают индивидуализированную комплексную психолого-педагогическую помощь.

**Вопрос 2.** Что должно быть указано в заключении ПМПК? В каком случае в школе открывается класс с инклюзивным образованием?

**Ответ.** Ответим на данные вопросы на конкретных примерах. Но первоначально остановимся на общем алгоритме действий администрации школы.

Итак, родители ребенка принесли в школу заключение ПМПК.

Шаг 1. На основании заключения ПМПК директор школы обращается в отдел образования с ходатайством об открытии класса (классов) с инклюзивным образованием.

Шаг 2. Отдел образования издает приказ об открытии классов с инклюзивным образованием и выделением необходимых штатных единиц педагогов.

Шаг 3. На основании приказа отдела образования школа издает внутренний приказ об открытии класса (классов) с инклюзивным образованием.

Данный алгоритм повторяется ежегодно. При этом не каждое заключение ПМПК является основанием для открытия класса с инклюзивным образованием. Чаще всего дети с ООП, которые будут учиться в классе с инклюзивным образованием, получают заключение ПМПК, в котором следует обратить внимание на следующие важные пункты.

1) В заключении не будут указаны ни медицинские диагнозы (в настоящее время исключены из заключения ПМПК), ни состояние ребенка в рамках социально-педагогической модели (вид нарушения). Заключение о состоянии здоровья ребенка напрямую не связано с его особыми образовательными потребностями.

2) В заключении будет указано: «На основании результатов комплексного обследования ребенок относится к категории «дети с особыми образовательными потребностями».

3) Заключение будет содержать рекомендацию о типе учебной программы. Например:

– «Обучение по адаптированной (сокращенной) общеобразовательной учебной программе (согласно п.9 статьи 14, пп.2, 3 ст.47 Закона Республики Казахстан «Об образовании», п.6 главы 1 Типовых правил деятельности организаций образования соответствующих типов, утвержденных Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 30 октября 2018 года № 595)» [2, 3].

– «Обучение по индивидуальной учебной программе (согласно п. 6 главы 1 Типовых правил деятельности организаций образования соответствующих типов,

утвержденных Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 30 октября 2018 года № 595)» [3].

Психолого-педагогическое сопровождение, в том числе в КППК. Например:

– «Психолого-педагогическое сопровождение в школе в условиях инклюзивного образования: занятия с дефектологом по коррекции познавательной деятельности, логопедом по коррекции звукопроизношения и письменной речи, психологом по коррекции поведения, эмоционально-волевой сферы (согласно Приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 декабря 2011 года №524 «Об утверждении Методических рекомендаций психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями», методическим рекомендациям «Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе)» [4, 1].

– «Психолого-педагогическое сопровождение в КГУ «Кабинет психолого-педагогической коррекции» в условиях инклюзивного образования: занятия с сурдопедагогом, тифлопедагогом, инструктором ЛФК (согласно Приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 14 февраля 2017 года № 66)» [5].

Текст заключения может содержать следующие формулировки:

4) «Нуждается в сопровождении педагога-ассистента».

5) «Индивидуальный подход и вариативность в обучении и оценке учебных достижений».

6) «Создание безбарьерной среды».

7) «Щадящий или охранительный педагогический режим».

Именно при наличии выше указанных формулировок о типе учебной программы, психолого-педагогическом сопровождении и других условиях, администрация школы может ходатайствовать в отдел образования об открытии класса (классов) с инклюзивным образованием.

Дополнительно приведем примеры заключений ПМПК.

– Для специального класса: «Обучение по специальной общеобразовательной учебной программе для детей с задержкой психического развития в условиях специального класса для детей с задержкой психического развития». «Обучение по специальной учебной программе для детей с легкой (умеренной) умственной отсталостью в условиях специального класса для детей с нарушением интеллекта».

– Для обучения в специальной школе-интернате: «Обучение по специальной учебной программе для детей с легкой (умеренной) умственной отсталостью» (либо по другой специальной учебной программе).

– Для обучения на дому: «Обучение по общеобразовательной учебной программе», «Обучение по специальной учебной программе».

– Для получения помощи в условиях логопедического пункта: «Обучение по общеобразовательной учебной программе, занятия с логопедом».

– Для получения помощи педагога-психолога: «Обучение по общеобразовательной учебной программе, занятия с педагогом-психологом».

– Для получения помощи в КППК, РЦ: «Комплексная психолого-педагогическая (либо психолого-медико-педагогическая) поддержка и консультативная помощь по специальной коррекционной (групповой, подгрупповой или индивидуальной) развивающей программе, реализуемой: дефектологом, логопедом, психологом, инструктором по ЛФК, массажистом, педагогом по музыкальной ритмике (согласно Приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 14 февраля 2017 года № 66) [5].

**Вопрос 3.** По каким учебным программам могут обучаться дети с ООП в условиях инклюзивного образования?

**Ответ.** Дети, обучающиеся в условиях инклюзивного образования в общеобразовательной школе по месту жительства, могут обучаться по 3 типам программ в соответствии с заключением ПМПК:

1. Общеобразовательная учебная программа.
2. Адаптированная (Сокращенная) учебная программа.
3. Индивидуальная учебная программа.

Общеобразовательная учебная программа рекомендуется детям со специфическими трудностями в обучении, поведенческими и эмоциональными проблемами при сохранном интеллекте. Такие специфические трудности проявляются при усвоении отдельных учебных навыков: письма, чтения или счета. Эти трудности, как правило, носят временный характер и преодолеваются при условии оказания им помощи специалистов.

Адаптированная (сокращенная) учебная программа рекомендуется детям, у которых наблюдаются трудности усвоения общеобразовательной учебной программы в ее полном объеме и содержании, но при сокращении программы либо адаптации ее содержания к потребностям обучающегося возможно достижение успеха в обучении. Адаптированная (сокращенная) учебная программа разрабатывается на основе общеобразовательной учебной программы.

Индивидуальная учебная программа рекомендуется детям, у которых выявляется невозможность усвоения общеобразовательной учебной программы ни при условиях ее сокращения, ни при условиях ее адаптации к потребностям ребенка. Индивидуальная учебная программа разрабатывается исходя из индивидуальных возможностей и особенностей обучающегося. По окончании школы выпускники получают аттестат серии БТ.

Независимо от типа учебной программы всем детям с ООП в обязательном порядке ПМПК рекомендует:

- психолого-педагогическое сопровождение (по показаниям) педагогом-ассистентом, учителем-дефектологом, учителем-логопедом, педагогом-психологом, сурдопедагогом, тифлопедагогом;
- индивидуальный подход в учебном процессе;
- вариативность в оценке учебных достижений.

Акцентируем внимание на следующей важной информации. Решение об обучении ребенка по индивидуальной или специальной учебной программе для детей с нарушениями интеллекта в общем или специальном классе принимает только ПМПК на основании комплексного обследования. Служба психолого-педагогического сопровождения (далее – ППС) и/или Совет школы при необходимости может самостоятельно (без рекомендаций ПМПК) принять решение об адаптации (сокращении) общеобразовательной учебной программы, оказании услуг психолога, логопеда, дефектолога, но только на определенный период (не более одной-трех учебных четвертей). Эти важные моменты обозначены и подробно представлены в методических рекомендациях «Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе» [1].

**Вопрос 4.** В школах обучаются дети, у которых трудности в обучении выявлены специалистами школьной службы психолого-педагогического сопровождения, у них нет заключения ПМПК. Как быть в этом случае (касательно приказа об открытии класса с инклюзивным образованием)?



**Ответ.** В этом случае оценка особых образовательных потребностей обучающихся осуществляется школой – учителем и специалистами службы психолого-педагогического сопровождения, определяется потребность ученика в адаптации (сокращении) учебных программ по предметам, разрабатываются и реализуются индивидуальные программы психолого-педагогического сопровождения. В случае, когда помощь учителя и специалистов не приводят к успешности усвоения адаптированной (сокращенной) учебной программы (на протяжении 1-3 учебных четвертей), службой сопровождения может быть принято решение о направлении родителей школьника в психолого-медико-педагогическую консультацию для получения рекомендаций (с согласия родителей). В отдельных случаях сразу после анализа результатов обследования ученика специалистами службы психолого-педагогического сопровождения принимается решение о необходимости получения рекомендаций ПМПК. И лишь после получения соответствующего заключения ПМПК руководитель организации образования может обращаться с ходатайством в отдел образования об открытии класса с инклюзивным образованием.

**Вопрос 5.** Все ли дети с инвалидностью относятся к детям с особыми образовательными потребностями? Если у ребенка имеется инвалидность, но нет заключения ПМПК, должна ли администрация школы открывать класс с инклюзивным образованием?

**Ответ.** Инвалидность – показатель состояния здоровья. Не все дети с инвалидностью относятся к группе детей с особыми образовательными потребностями. Так, только в Карагандинской области проживает более 5200 детей с инвалидностью, из них около 2500 детей относятся к детям с особыми образовательными потребностями. К сожалению, в некоторых организациях образования имеют место факты, когда при наличии справки об инвалидности ребенка направляют в ПМПК для получения заключения. В ПМПК направляются только дети, имеющие ограниченные возможности (психофизические нарушения), которые препятствуют их успешному обучению. В случае, если наличие инвалидности и состояние здоровья ребенка не влияют на успешность обучения и освоение общеобразовательной учебной программы, не требуются специальные условия для получения образования, то у ребенка нет особых образовательных потребностей и класс с инклюзивным образованием в школе не открывается.

**Вопрос 6.** Кому рекомендовано сопровождение педагогом-ассистентом и каковы его функции?

**Ответ.** Услуги педагога-ассистента предоставляются обучающемуся в организации образования исключительно на основании заключения и рекомендаций ПМПК. Сопровождение педагогом-ассистентом рекомендуется детям с поведенческими, эмоциональными и коммуникативными особенностями, не позволяющими самостоятельно участвовать в учебном процессе. Данные особенности могут проявляться следующим образом:

- неспособность выполнять правила поведения на уроке (не может усидеть за партой, встает, ходит по классу, не выполняет требований учителя);
- стойкие трудности восприятия или понимания инструкций и словесных объяснений учителя;
- трудности самоорганизации и самоконтроля деятельности на уроке (не может самостоятельно подготовиться к уроку, не включается в работу класса без помощи взрослого, не выполняет задания в классе);

– поведенческие и эмоциональные особенности (говорит вслух, смеется без видимой причины, кричит, плачет, отвлекает детей и мешает работе класса, проявляет агрессию к одноклассникам, учителю).

Помощь педагога-ассистента рекомендуется как детям с нормотипичным развитием, так и детям с нарушениями психофизического развития (нарушениями интеллекта, ЗПР и т.д.), если у них отмечаются вышеперечисленные поведенческие и коммуникативные особенности.

Цель работы педагога-ассистента – достижение полной самостоятельности ученика в школе. Поэтому функции педагога-ассистента заключаются в такой организации учебного процесса, при которой он направляет ученика, помогает включиться в учебный процесс, овладевать учебными навыками, учиться самостоятельно. Педагог-ассистент может предупреждать эмоциональные и поведенческие вспышки, корректировать нежелательное поведение.

Педагог-ассистент также выполняет функцию ассистирования учителю в адаптации учебной программы, индивидуализации учебного процесса, выборе адекватных методов, приемов и средств обучения.

Индивидуальное поэтапное сопровождение обучающегося может происходить следующим образом.

1 этап: полная поддержка, когда педагог-ассистент постоянно работает за партой вместе с учеником.

2 этап: постепенное отдаление, когда ученик работает самостоятельно за партой, ассистент за спиной ученика периодически оказывает организующую и направляющую помощь. В дальнейшем ассистент может присутствовать только на отдельных уроках.

3 этап: самостоятельная работа ученика в классе без ассистента [1].

В случае, если потребность в сопровождении учащегося педагогом-ассистентом выявляется в школе, а у ребенка в заключении ПМПК не указана рекомендация на сопровождение данным специалистом, то служба психолого-педагогического сопровождения на основании изучения особенностей развития и поведения ребенка может направить запрос в ПМПК (с развернутой психолого-педагогической характеристикой ученика и решением службы ППС) о предоставлении ученику услуг педагога-ассистента.

В заключение настоящей статьи отметим, что именно рекомендации ПМПК с указанием типа учебной программы, специальных условий для получения образования являются для организации образования руководством к действию. Огромное значение имеет командная работа специалистов службы психолого-педагогического сопровождения, комплексный подход в учебно-воспитательной работе. Разработка индивидуальных учебных планов, адаптированных учебных программ является результатом командной работы учителя с психологом, логопедом, учителем-дефектологом, социальным педагогом и другими специалистами. В функциональные обязанности учителя согласно приказу Министерства образования и науки Республики Казахстан от 13 июля 2009 года № 338 «Об утверждении Типовых квалификационных характеристик должностей педагогических работников и приравненных к ним лиц» [6] входит участие в разработке и выполнении учебных программ, в том числе программ для обучающихся с особыми образовательными потребностями, обеспечение реализации их в полном объеме в соответствии с учебным планом и графиком учебного процесса, изучение индивидуальных способностей, интересов и склонностей обучающихся, воспитанников, осуществление индивидуального подхода в воспитании и обучении с учетом потребностей обучающихся.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации / Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. – Алматы: ННПЦ КП, 2019. – 96 с.
2. Об образовании. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III. [ЭР]. – Режим доступа: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_).
3. Об утверждении Типовых правил деятельности организаций образования соответствующих типов. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 30 октября 2018 года № 595. [ЭР]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017657>.
4. Об утверждении Методических рекомендаций психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 декабря 2011 года № 524. [ЭР]. – Режим доступа: <https://online.zakon.kz>.
5. Об утверждении Типовых правил деятельности видов специальных организаций образования. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 14 февраля 2017 года № 66. [ЭР]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700014995>.
6. Об утверждении Типовых квалификационных характеристик должностей педагогических работников и приравненных к ним лиц. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 13 июля 2009 года № 338. [ЭР]. – Режим доступа: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_).

**Ж.Х. КАИРБАЕВА**

«Өрлеу»БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚ БА институты  
[happasovna\\_zh@mail.ru](mailto:happasovna_zh@mail.ru)

**БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

*Аннотация.* Саралап оқыту – оқыту мен оқуға қатысты анықталған ортақ қасиетті ескере отырып дайындалған, оқушылар тобына мұғалімнің оқу үрдісін ұйымдастыру нысаны. Оқытуды саралау дегеніміз – оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес әртүрлі сыныптар, топтар, мектептер үшін әртүрлі оқу ортасын құру және әртүрлі топтарда оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық шаралардың кешені.

*Түйінді сөздер:* саралау тәсілдері, мазмұны, оқыту стилі, өнім, тапсырма, дифференциация

Саралап оқыту дегеніміз не? Барлық оқушылардың сұраныстарын қанағаттандыру. Дифференциация сөзі латын тілінен (difference) шыққан және «айырмашылық», «бөлу» деген мағынаны білдіреді. Осы тұрғыдан «дифференциация» – бұл оқулары әр түрлі жүзеге асатын жекеленген оқушылар тобын бөліп алу. Шындығына келгенде дифференциация түсінігі анағұрлым терең, әрі кең. Саралау – білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру.

Оқытудағы дифференциацияның негізгі мәні оқушылардың оқуындағы жеке айырмашылықтарды біле отырып және ескерту арқылы олардың әрқайсысы үшін анағұрлым оңтайлы болатын жұмыс түрін анықтау. Оқу үрдісінде оқушыларды дифференциациялау сипаты шартты болып табылады. Ол әрбір оқушыға жекелей тәсілмен қарауға мүмкіндік беретін икемді және өзгермелі болуы тиіс [1].

Дифференциация балаларды қабілеттері немесе басқа қасиеттері бойынша іріктеуге бағытталмаған. Оның негізгі міндеті оқушылардың қабілеттерін және бейімділігін дамытуға, білім мазмұнының табысты игеру мақсатында білім беру үдерісінде барынша қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Оқытуды саралау дегеніміз – оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес әртүрлі сыныптар, топтар, мектептер үшін әртүрлі оқу ортасын құру және әртүрлі топтарда оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық шаралардың кешені.

Ал саралап оқыту дегеніміз: оқыту мен оқуға қатысты анықталған ортақ қасиетті ескере отырып дайындалған, оқушылар тобына мұғалімнің оқу үрдісін ұйымдастыру нысаны. Саралап оқыту – әрбір оқушының мақсатқа жетуіне оң ықпал етудің тиімді жолы. Дифференциация негізі үшке бөлінеді.

Мазмұны	Іс-әрекет	Өнім
Ақпаратты алу	Алған ақпаратты интерпретациялау	Өнім арқылы мазмұнды түсінгенін көрсету

Осы кесте арқылы іс-әрекеттің өзі үшке бөлінеді, яғни білімді қабылдау деңгейі, қызығушылық және оқыту стилі. Енді әрқайсысына тоқталатын болсақ, білімді қабылдау деңгейі оқушылардың нақты білімдерді, түсініктерді және дағдыларды игеруінің ағымдағы деңгейі болса, ал келесі оқушылардың назарын, қызығушылығын

тудырады және оқыту стилі мазмұнды қабылдау, зерттеу немесе өз ойын білдіру үшін артықшылығын көре аламыз.

Мазмұны бойынша дифференциация – ақпарат алу.

Бұл оқушының нені оқуы (зерделеуі, үйренуі) керектігі немесе оқушының ақпаратқа қалай қол жеткізе алатынын білуі.

- Оқу жоспарының тақырыптары, тұжырымдамалары немесе тақырыптары;
- Мемлекеттік немесе ұлттық стандарттарды қамтиды;
- Маңызды фактілер мен дағдыларды ұсынады.

Мазмұнды қарапайым деңгейде бөлу мысалдары мыналарды қамтиды:

1. Әр түрлі деңгейде оқу үшін материалдарды пайдалану;
2. Мәтіндік материалдарды бөліктерге бөлу;
3. Оқушылардың дайындық деңгейіне сай орфографиялық немесе сөздік тізімдерді пайдалану;
4. Есту және визуалды құралдардың көмегімен идеяларды ұсыну;
5. Басқа оқушылардың оқуын тыңдауды қолдану;
6. Қабілеті төмен оқушылар үшін идеяларды немесе дағдыларды қайта оқыту үшін немесе қабілеті жоғары оқушылардың ойлауын немесе дағдыларын дамыту үшін шағын топтармен кездесулер.
7. Аудио-, видеожазбалар
8. Графиктер мен моделдер
9. Әртүрлі ресурстар мен манипуляциялар

Үдерісті саралау – алынған ақпаратты түсіндіру.

Бұл мазмұнды түсіну немесе меңгеру үшін оқушы қатысатын іс-әрекеттер. Оқушылар мазмұнды жақсы түсіну үшін орындайтын жаттығулар мен практикалық жұмыстар және іс-әрекеттер.

Қарапайым деңгейде процесті немесе іс-әрекетті саралау мысалдары мыналарды қамтиды:

1. Барлық оқушылар бірдей маңызды білім мен дағдылармен жұмыс істейтін, бірақ қолдаудың немесе күрделіліктің әр түрлі деңгейлерін пайдаланатын көп деңгейлі тапсырмаларды қолдану;
2. Оқушыларға оларға ерекше қызығушылық тудыратын тақырыптардың тақырыпшаларын зерттеуге ынталандыратын қызығушылықтары бойынша орталықтар ұсыну;
3. Жеке күн тәртібін әзірлеу (барлық сынып үшін жалпы және оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеретін жұмыстарды қамтитын мұғалім жазған міндеттер тізімі) күн тәртібінің белгіленген уақыты ішінде немесе оқушылар басқа жұмысты ерте сатысында аяқтауына қарай аяқталуы тиіс;
4. Қолдауды қажет ететін оқушылар үшін манипуляция немесе басқа да практикалық қолдауларды ұсыну;
5. Тапсырманы орындау үшін оқушыға қажет болатын уақыттың ұзақтығына байланысты, қабілеті жоғары оқушыны тақырыпты тереңдетіп оқуға ынталандыру немесе қабілеті төмен оқушыға қосымша қолдау көрсету.

Өнім бойынша саралау – өнім арқылы мазмұнды түсінуді көрсету

Оқушылардың мазмұнды түсінуін тесттер, жобалар, зертханалық және практикалық жұмыстар сияқты материалдар көрсетеді. Бұл оқушылардың топта оқып-үйренгенін жаттықтыруды, қолдануды және кеңейтуді сұрайтын шарықтау жобалары [2].

Қарапайым деңгейде өнімдерді саралау мысалдары мыналарды қамтиды:

1. Оқушыларға қажетті оқу нұсқаларын беру (мысалы, қуыршақ спектаклін жасау, хат жазу немесе жазулары бар фресканы әзірлеу);

2. Оқушылар дағдыларының әртүрлі деңгейіне сәйкес келетін және кеңейтетін айдарларды қолдану;

3. Оқушыларға өз бетінше немесе шағын топтарда өз өнімімен жұмыс істеуге мүмкіндік беру;

4. Егер міндетті элементтер қамтылу қажет болса, онда оқушыларға өз өнімдерін құруды (жасауды, шығаруды) ұсыну

Білім алу деңгейі бойынша саралау – оқушылардың ағымдағы нақты білім, түсініктер мен дағдыларды меңгеру деңгейі.

1. Түрлі тапсырмалар мен іс-әрекеттердің күрделілік деңгейін реттеу арқылы оқушылардың деңгейіне мазмұн немесе іс-әрекеттердің күрделілігіне сәйкестендіру.

2. Әртүрлі моделдер мен тапсырмаларды пайдалану, сыныптастарының немесе мұғалімнің қосымша нұсқау берулерін қосу/азайту. Сыныптастардың оқытуы ойлау мен іс-әрекет жасаудағы тиісті құрылымдармен қамтамасыз ететіндіктен аса үлкен көмекші құрал болып табылады.

3. Оқушының жеке тәжірибесі мен игерген дағдыларына сүйене отырып тапсырма немесе іс-әрекетті таныс формада ұсыну.

4. Қажеттілік деңгейлеріне байланысты шағын топтарда оқытуды ұйымдастыру. Қызығушылық бойынша саралау – оқушының назарын тартып, әуестігі мен еліктеушілігін оятады.

1. Алдыңғы білім деңгейі жеткілікті сыныптастарды барлық оқушылардың қызығушылық деңгейіне сай бағытта тәлімгер ретінде пайдалану.

2. Оқушыларға білім алғанын көрсету, тақырыпты зерттеуге қажетті әртүрлі мүмкіндіктерді ұсыну.

3. Технология мен материалдардың кең ауқымды көлемдегі қол жетімділігін қамтамасыз ету.

4. Оқушыларға жасалатын өнім мен тапсырмаларды таңдау, өздері қалаған формаларды ұсыну еркіндігін беру.

5. Оқушылардың қызығушылығына сай негізгі тұжырымдамалар мен қағидаларды қолдана білу мен зерттеу жүргізулерін мадақтап отыру.

Оқу стилі бойынша саралау – мазмұнды қабылдау, зерттеу, ұғынуын көрсетудегі өздері ұнатқан артықшылықтарға негізделеді.

1. Сынып бөлмесінде ешқандай алаңдаусыз тыныш жұмыс жасауға болатын және сыныптастарымен топтасып жұмыстауға қолайлы орындардың болуы қажет.

2. Тұрмыстық жағдайлар мен әртүрлі мәдениетті қамтыған материалдарды ұсыну.

3. Өзіндік жұмыстарға арналған анық, жеке қажеттіліктерді қамтамасыз ете алатын, нұсқаулықтарды құрастырып, белгілеу.

4. Мұғалім немесе көмек көрсете алатын сыныптастары бос болмай қалған жағдайда оқушының тез арада тиісті көмекті ала алуына жағдай жасау.

5. Кейбір оқушылардың орын ауыстырып жүріп тұруға, және кейбір оқушылардың бір орында тыныш жұмыстауға деген қызығушылығын ескеру.

Саралауды қалай дұрыс ұйымдастыруға болады?

1. Оқу мақсаттарын барлық оқушылардың қабілеттері мен қажеттіліктеріне сай құрастыру.

2. Оқушылардың шығармашылық және ойлаудың жоғарғы деңгейіндегі ойлауларына ықпал ете отырып, оқушылардың осы ойлау түрлерін қолдануын мадақтау.

3. Оқытудың бүкіл сыныпты оқыту, шағын топтарда жұмыстау, біріккен жұмыс, бірге білім алу, жеке оқу, командалық оқыту сияқты әртүрлі тәсілдерін қолдану.

4. Визуал, аудиал, кинестетиктерге арналған демонстрация, рөлдік ойын, видео, белсенді оқыту сияқты әртүрлі оқыту стратегияларын пайдалану.

5. Оқушылардың топтарын тұрақты түрде емес, қажеттілікке сай өзгертіп жаңа топтарын құру.

6. Оқушыларға өз қажеттіліктеріне сай, өздерінің мықты және әлсіз тұстарын ескере отырып оқу түрін таңдауды ұсыну.

7. Тақырыптарды қайта қарастыру кезінде осы тақырыпты меңгерту барысында қолданылған стратегияларды пайдалану.

8. Жаңа тақырыпты бастағанда бастапқы білімді анықтауда бүкіл сыныппен талқылауды пайдалану.

9. Оқушыларға өздерінің жаңадан алған білімдерін әртүрлі түрде көрсетуін рұқсаттау.

10. Оқушылардың алған білімдерін бағалау үшін алдын ала жоспарланған бағалау құралдарын пайдалану.

Саралап оқыту тәсілдерін жүзеге асыруда, мысалы өнімдер немесе жұмыс түрлері: видео, эссе, плакат, веб-беттері, көрме, репортаж, жазбаша есеп, интеллект карта, деманстрация, фоторепортаж, презентация PowerPoint, сызбалар, кесте, жарнама және т.б. орындау қадамдары біріншіде осы өнім мен жұмыс түрлерін таңдап алу керек, келесі қадам әр түрлі станциялардағы саралау түрлері туралы ақпаратпен танысу, одан әрі дифференциалды қамтамасыз ететін тапсырмалардың сипаттамаларын беру арқылы таңдауды түсіндіру және дифференциация түрін анықтау [3].

Мысалы, **инсулин** туралы не білетіндігіңізді көрсету үшін RAFT стратегиясын таңдаңыз.

Рөл	Аудитория	Формат	Тақырып
Жазушы/актер	Сынып	Мультфильм, пародия, фильм	Инсулин қалай жұмыс жасайды?
Детектив	Оқудан өтетін Жас детективтер	инфографика	Инсулиннің ағзаға әсері
Дизайнер	Өзің үшін	Эскиз	Инсулин жұмысының алгоритмі
Сіз	Оқушылар	Инструкция/ кілті	Инсулин ағзаға не үшін керек?

Келесі тапсырма:

**Тақырып:** Метаморфоз

Зерттеу нысаны: Жәндіктер

Материалдар: көбелектің дамуы туралы кітаптар, оның даму кезеңдері мен ұрпақтары толық көрсетілген плакаттар мен моделдер, жұлдызқұрттың суреттері.

Тапсырма: көбелектің дамуының әрбір кезеңдерін сипаттап жазыңыз. Төмендегі куестені пайдаланып, көбелектің тіршілік циклінің әр кезеңін (сыртқы көрінісі қандай, қандай көбелектер дамуының барлық кезеңінде үздіксіз қоректенеді, әр кезеңдегі тәулік саны) сипаттаңыз.

Саралап оқыту дегеніміз - бір материалды барлық оқушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді және мұғаліммен әрбір оқушының қабілетіне қарай тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктей отырып, сабақты ұйымдастыруды талап етеді. Мұғалімі ретінде әр бала үшін орнықтыру өз қызметі мен сабақта оқушының іс-әрекеті, барлық ерекшеліктерді ескеру және оқытуды

тиімді етіңіз? Барлық оқушыларды бір уақытта қалай оқыту керек, бірақ басқаша немесе ерекше? [4].

Саралап оқытудың тәсілдері:

**Тапсырма.** Балаларға (жеке немесе топта) олардың меңгерген білімдеріне негізделген әртүрлі тапсырмалар беріледі. Мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді. Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау оқу тапсырмасының мазмұны бойынша: шығармашылық деңгейі бойынша, қиындық деңгейі бойынша, көлемі бойынша, әрекетті ұйымдастыру бойынша:

Мұғалім тапсырманы бәріне бірдей таныстырады, ал орындалу кезеңі төмендегідей болуы мүмкін:

1 топ-мұғаліммен бірге;

2 топ- алдымен мұғаліммен, содан кейін өз бетінше;

3 топ- өз бетінше

Тапсырмалардың нұсқалары қиындық деңгейі, шығармашылық деңгейімен және көлемімен ерекшеленеді.

1-нұсқа- негізгі тапсырма;

2-нұсқа-көлемі үлкендеу тапсырма;

3-нұсқа-шығармашылық тапсырма. Саралауды қамтамасыз ететін тапсырмаларды құрастырудың төмендегідей түрлерін қолдану ұсынылады:

Ашық түрде орындалатын тапсырмалар;

Қаламдық тапсырма түрінде орындалатын тапсырмалар;

Таңдау түрінде орындалатын тапсырмалар; Сондай-ақ оқушының таңдауы бойынша тапсырма жағымды оқу ынтасының қалыптасуына әсер ететінін естен шығармауымыз керек.

**Нәтиже.** Балалар қойылған жалпы мақсатқа сәйкес бірдей тапсырмамен жұмыс істейді, бірақ мұғалім балалардың алдыңғы нәтижелерін ескере отырып, әр баладан әртүрлі нәтиже күтеді. Нәтиже дегеніміз – сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті. Мұғалім мазмұнды меңгерту мақсатында тапсырма береді, барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады. Оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді және жетпей тұрған білімдерін жетілдіру туралы ойлағандары маңызды. Сабақта мұғалім барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізулеріне әрекет жасайды.

**Жұмыс қарқыны.** Балаларға ортақ тапсырма беріледі, бірақ оларды аяқтауға жұмсалған уақыт олардың дағдыларына қарай анықталады. Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді. Қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады. Негізгі тапсырмаларды түсіндіруге көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

**Қорытынды:** Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да, олардың нәтижелері әртүрлі болады. Мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауап бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді. Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетінін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

**Диалог арқылы қолдау.** Балалардың барлығы бірдей тапсырманы орындайды, бірақ олардың кейбіреуіне басқаларға қарағанда көбірек немесе азырақ қолдау көрсетіледі. Бұл тәсілді қолдану мұғалімге ерекше жауапкершілік жүктейді. Мұғалім мәселені шешуде өзінің қарапайым тілде егжей-тегжейлі түсіндіруін қажет ететін оқушылар және тек диалогке түсу арқылы бағытталуды ғана қажет ететін



жлғары деңгейлі оқушылар тобын анықтауы тиіс. Сонымен қатар, мұғалім қабілеті жоғары оқушыларды қолдау үшін жоғары деңгейлі сұрақтарды қолдана алады. Тілдік қолдау мен ынталандыру да бұл тәсілде ерекше маңызға ие [5].

**Ресурстар (дереккөздер).** Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ айтарлықтай дамыған оқу немесе зерттеу дағдыларын қажет ететін әртүрлі ресурстар ұсынылады.

Бұл әдісті қолдануды сыныптағы кейбір оқушылар басқаларға қарағанда әлдеқайда күрделі әрі ауқымды ресурстармен жұмыс жасауға бейім болатынын ескерген жөн және осы арқылы тақырыпты әртүрлі қырынан алу үшін түрлі оқу материалдарын пайдалануға мүмкіндік береді дегенді білдіреді. Кейбір оқушылар сабақта негізгі мәтінмен жұмыс жасаумен шектелсе, қабілеті жоғары оқушылар жетілген деңгей сөздіктермен және күрделі идеялармен жұмыс жасауға қабілетті болады. Саралаудың бұл түрі барлығына ортақ оқу нәтижелеріне жету үшін, оқу материалдарын кең көлемде пайдалануға мүмкіндік береді.

Мысалы, үдеріс бойынша төмендегідей ұйымдастыруға болады:

Визуалдарды оқулықпен қамтамасыз ету;

Аудиалдарға аудио жазбаларды тыңдату;

Кинестетиктерге тапсырмаларды өздерінің жасап көруіне мүмкіндік беру.

**Топтастыру.** Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ барлығының табысқа жетуін қамтамасыз ететіндей етіп топтастырылған. Оқытудың болжамды міндетіне қарай топ құруда тиімді көптеген тәсілдер бар: мүдделері ұқсас оқушылар (қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әртүрлі оқушылар, джигсо топтары, кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ. Топтық жұмысты орындау үшін бір топта қандай оқушылардың болатыны маңызды емес. Осы жағдайда мұғалім өзі қалаған әдіспен оқушыларды шағын топқа біріктіреді. Топтың мүшелері кездейсоқ бірігеді. Бұл жағдайда мұғалімге сыныптағы оқушылардың бір-бірімен мейлінше араласқаны маңызды. Екіншіден, аралас топ мұғалім мақсатты түрде шағын топқа әртүрлі деңгейлі оқушыларды біріктіреді. Себебі бұл топтық жұмыс жаңа оқу мақсатына жету үшін қажетті алдыңғы білімдері мен біліктерін қайталап, бір-бірінің есіне түсіру мақсатында ұйымдастырылған. Үшіншіден деңгейлі топ мұғалім ерекшеліктеріне қарай топтарға біріктіреді. Қызығушылығы бір оқушылар бір топта немесе жоғары деңгейлі, орта және төмен деңгейлі оқушылар. Оларға арнайы тапсырмалар дайындалады. Бұл топтық жұмысты жоспарлау кезінде мұғалім неліктен оқушыларды дәл осылай біріктіретінін және неліктен тапсырмаларды беретінін нақты түсінеді. Төртіншіден, қалаулы топм мұғалім оқушыларға өз қалаулары бойынша отыруға мүмкіндік береді. Сыныпта қандай да бір топтық жоба жұмыстарын жасау керек болған кезде бұл әдісті қолдану тиімді. Бесіншіден, қыз-ұл деп бөлуге болады. Бұл әдіспен оқушыларды біріктіру мұғалімге қыз балалар мен ер балалардың оқудағы ерекшеліктерін терең зерттеуге мүмкіндік туындайды.

**Рөлдер.** Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ олардың әрқайсысы әртүрлі рөл атқарады.

**Үй жұмысы.** Балаларға әртүрлі үй тапсырмалары беріледі, ал жекелеген оқушыларға сыныпта бастаған жұмысты аяқтау үшін қосымша уақыт қажет болуы мүмкін.

**Диалог /Сұрақтарды пайдалану.** Мұғалім оқушылардың деңгейіне қарай өзінің қоятын сұрақтарын және оқушылардың берген жауаптарын саралайды. Кез келген білім алушы үшін маңызды ресурс – қағаз емес, электронды құрал емес, адами ресурс. Диалог негізінде саралау барысында мұғалім мен оқушы арасындағы сұхбатқа мән беріледі. Диалог арқылы саралаудың түрлі аспектілері бар.

**Бағалау.** Сыныптағы саралау әдістері сыныптағы жекелеген оқушылардың нені үйренгенін анықтауға және оны бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер оқушылардың табысты оқуын қамтамасыз етумен қатар, оқушының жеке даму аймағын анықтау арқылы нені жақсарту қажеттігін түсінуге мүмкіндік беретін икемді үдеріс. Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай ілгерілей аламыз.

Сабактың барлық сатыларында саралап оқыту тәсілдерін енгізу қажет. Мысалы: үй тапсырмасының орындалуын тексеру барысында, сіз тестілеуді оқушы ұнатпайтын әрекетке айналдыруға жол бермейтін әдістемелерді пайдалана аласыз. Оқушыларға саралап оқыту әдісін қолдану оқушылардың білім сапасын, олардың біліктілік деңгейі мен қабілеттерін жақсартуға мүмкіндік береді. Тәжірибе көрсеткендей, сенімді түрде алға жылжу оқушыларды шабыттандырып, оларды қарқынды жұмыс істеуге ынталандырады. Тапсырманың түрлі деңгейде болуы баланың күш-жігеріне деген сенімін нығайтады, оны табысқа жетелеп, танымдық қызығушылығын арттырады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Осмоловская И.М. Организация дифференцированного обучения в современной школе. – М.: Институт практической психологии, 1998.

2. Сборник заданий и упражнений. Учебные цели согласно таксономии Блума /А.Е. Мурзагалиева, Б.М. Утегенова. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2015. – 54 с.

3. Жумабекова Б.К., Рамазанова А.С., Ахметова А.А. Разработка учебных заданий по зоологии в рамках полиязычного образования // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – №12-8/ – С.1516-15216 [ЭР]. Режим доступа URL: <https://applied-research.ru/ru/article/view?id=11074>

4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Биология» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 112 б.

5. Үлестірме материалдар. «Биология» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.

**Ж.К. МАСЕЛОВ**

КГУ «ОШ №12» г.Караганда  
[zhanabek.maselov@mail.ru](mailto:zhanabek.maselov@mail.ru)

**О РАБОТЕ С ОДАРЕННЫМИ УЧАЩИМИСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В ШКОЛАХ С КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ**

*Аннотация.* Статья создана на основе проекта, подготовленного по итогам обучения на курсах повышения квалификации «Развитие профессиональных компетенций учителя русского языка и литературы». Содержит анализ проблем, которые возникают при работе с одаренными учащимися на уроках русского языка и литературы в казахской школе.

*Ключевые слова:* одаренность, русский язык и литература, олимпиада, конкурс, эссе.

В настоящее время в Республике Казахстан осуществляется системная работа по поддержке, развитию и выявлению одарённых и талантливых учащихся [1]:

– функционируют Республиканский научно-практический центр «Дарын» и региональные центры по работе с одаренными детьми;

– ведут работу 134 специализированных организации образования, которые осуществляют учебно-воспитательный процесс по различным направлениям, а именно из них 89 школ естественно-математического направления, 15 школ имени Абая, 2 военные школы, 4 школы искусств, 5 музыкальных школ, 5 IT-школ, 6 школ общественно-гуманитарного направления, 8 многопрофильных школ;

– функционируют 27 государственных специализированных организаций образования естественно-математического направления «Білім-Инновация» лицеев, отличительной особенностью учебного процесса которых является интеграция содержания учебных программ предметов естественно-математического цикла и межпредметной интеграции, расширенного программного материала за счет лицейского компонента, использования инновационных технологий;

– усовершенствованы Правила проведения всех этапов Республиканских олимпиад по общеобразовательным предметам для обеспечения прозрачности и объективности.

Но первой ступенью в работе с одарёнными и талантливыми детьми является деятельность учителя. Развитие способностей учащихся, их возможностей в учебно-познавательной и интеллектуальной деятельности – это не только один из самых важных ее компонентов, но и «проверка на прочность» самого учителя, его профессионального мастерства и компетентности.

В статье представим нашу позицию по организации работы с одарёнными учащимися на уроках русского языка и литературы в школах с государственным языком обучения.

Цель работы с одарёнными учащимися на уроках русского языка и литературы – выявление наиболее способных учащихся, всем сердцем и душой увлечённых изучением предмета, а значит, ориентированных на дальнейшее развитие и саморазвитие.

Задачи работы с одарёнными учащимися:

– стимулирование познавательной деятельности учащихся;

- формирование умений самостоятельно анализировать лингвистический материал;
- развитие творческих способностей и интереса учащихся к научно-исследовательской деятельности;
- содействие развитию образного и аналитического мышления, читательской культуры и понимания авторской позиции, умения точного, грамотного и выразительного использования современного литературного языка при создании собственных устных и письменных высказываний;
- воспитание гражданского сознания, чувства патриотизма, любви и уважения к литературе и ценностям отечественной и мировой культуры.

По нашему мнению, основная проблема при работе с одарёнными детьми в казахской школе заключается в выявлении учащихся, грамотно говорящих и пишущих по-русски, а также свободно выражающих свои собственные мысли как в устной, так и в письменной речи.

Решение указанной проблемы, во-первых, видится нам в серьёзном подходе к проведению урока, продумывании каждого его этапа, особой установкой учителя на поиск одарённых детей, при котором заостряется внимание на «острых» моментах развития и саморазвития ребёнка. Необходимо замечать всё в ответах детей, выявляя и примечая в их среде нестандартно мыслящих и умеющих отстоять свою точку зрения, быть может, не умеющих ещё грамотно и последовательно аргументировать её.

Для этого Типовой учебной программой по учебному предмету «Русский язык и литература» предусмотрены различные виды речевой деятельности: определение основной мысли текста на основе вопросов; прогнозирование содержания текста по вопросам; монологическое высказывание (описание, повествование) на основе иллюстраций, комиксов; участие в диалоге; вопросы по содержанию текста и ответы на них; ознакомительное, комментированное чтение, чтение по ролям; составление плана по опорным словам; анализ содержания небольших произведений фольклора; извлечение необходимой информации по теме из различных источников; сравнение содержания и темы текстов; изложение основного содержания текста на основе прослушанного, прочитанного и/или аудиовизуального материала; представление информации в виде рисунков; творческие работы на литературные темы; эссе [2].

Для развития и выявления одарённых и талантливых учащихся можно использовать потенциал заданий учебника. Так, можно использовать возможности уровневых заданий, представленных в учебнике «Русский язык и литература» Часть 1 для 6 класса (Жанпейс У.А.) [3]. Задания 3-го уровня (создание, оценивание), обозначенные геометрической фигурой – круг, позволяют определить кругозор и творческие способности учащихся, оценить их эрудицию и уровень владения русским языком.

Например, «Продолжите синквейн к существительному слово» [3, с.10], «Составьте с данными паронимами словосочетания, используя слова в скобках: главный/заглавный (буква, герой, задача, цель)...» [3, с.19], «Определите идею стихотворения «Нурдолла». Найдите слово, заимствованное из тюркских языков. Какой синоним соответствует ему по смыслу? Запишите имена известных вам казахских батыров. Расскажите об одном из них» [3, с.30].

Выполнение перечисленных видов заданий не только позволяет проявить коммуникативные возможности учащихся, но и создает условия для их развития в рамках формирования их речевой компетентности, а также развития их творческой

инициативы, исследовательской активности и интеллектуальных способностей, повышает познавательный интерес учащихся к предмету.

Кроме того, в процессе выполнения заданий учитель может наблюдать признаки одаренности такие, как:

1) новаторство как выход за пределы требований выполняемой деятельности, что позволяет открывать новые приемы и закономерности;

2) сформированность качественно своеобразного индивидуального стиля деятельности, выражающегося в склонности «все делать по-своему» и связанного с присущей одаренному ребенку самодостаточной системой саморегуляции (развитие деятельности по инициативе самого ребенка и есть творчество);

3) рефлексивный способ переработки информации (склонность тщательно анализировать проблему до принятия какого-либо решения, ориентация на обоснование собственных действий);

4) особый тип организации знаний одаренного ребенка: высокая структурированность; способность видеть изучаемый предмет в системе разнообразных связей; свернутость знаний в соответствующей предметной области при одновременной их готовности развернуться в качестве контекста поиска решения в нужный момент времени; категориальный характер (увлеченность общими идеями, склонность отыскивать и формулировать общие закономерности) [4].

Во-вторых, мы считаем, что при работе с одаренными детьми надо исходить от обратного, т.е. от того, где и как одаренный учащийся может проявить себя или показать свои способности и возможности. Поэтому учителю необходимо помнить, какие конкурсы, олимпиады проводятся в течение года на разных уровнях (школьном, городском, областном, республиканском и т.д.), и знать особенности данных конкурсов.

В г.Караганде по русскому языку и литературе проводятся следующие конкурсы и олимпиады:

I. Конкурсы по выразительному чтению. Следует отметить, что подобных конкурсов проводится два:

1) «Строкою Пушкинской пленённый...» (организатор – КГУ «Гимназия №92» г.Караганды),

2) «Живая классика» (организатор – отдел образования г. Караганды).

II. Олимпиада по общеобразовательным предметам (все уровни) для учащихся 2-11-ых классов.

III. Городской конкурс «Полевая почта»: письмо солдату, не вернувшемуся с войны.

IV. Международный конкурс-игра «Русский медвежонок – языкознание для всех».

Участие в конкурсах и олимпиадах позволяет одаренным учащимся проявить себя, проверить свои способности. Возникает вопрос, как эффективно готовить детей к конкурсам и олимпиадам?

К конкурсам выразительного чтения можно готовить как во время урока, так и во внеурочное время. На уроках можно проводить конкурсы выразительного чтения стихотворений и отрывков из прозы, предварительно кратко ознакомив детей с критериями выступления, а также указав на возможность самостоятельной подготовки, например, прослушивания аудиоматериала декламируемого произведения по интернету для правильной постановки ударения, как фонетического, так и логического и т.д. При подготовке к выразительному чтению необходимо комплексно подходить к анализу произведения, так как без понимания

темы, идеи, образов, авторской позиции, т.е. без «вживания» в образ невозможно выразительно прочесть произведение. Выразительному чтению надо учиться постоянно и систематически.

Для подготовки учащихся к олимпиадам по предмету, прежде всего, необходимо напоминать учащимся о разных возможностях самореализации и проверки своих знаний на протяжении всего процесса учебы в школе, о возможности участвовать в различных олимпиадах, начиная со второго класса.

В рамках нашей статьи остановимся на олимпиадах для учащихся старших классов.

Известно, что учащиеся 9-11 классов участвуют в районном этапе (городском) и по этой причине необходим строгий отбор участников на городской этап. Олимпиада проходит в два тура:

1-ый тур – написание подробного изложения + полный синтаксический разбор предложения;

2-ой тур – работа по тексту: выразительное чтение текста, анализ текста - определение темы и идеи (основной мысли), составление синквейна, выписывание ключевых слов, определение их роли, нахождение тропов с указанием их роли в тексте; написание эссе на основе ключевой идеи текста; чтение наизусть и выразительно любимого произведения (не из школьной программы).

Только после строгого отбора участника городской олимпиады можно и нужно начинать индивидуальную подготовку, начиная с написания подробного изложения и выполнения полного синтаксического разбора предложения.

Укажем, что должен знать и уметь участник олимпиады, и чему учиться его на каждом уроке:

– Уметь писать подробное изложение, соблюдая при этом логическую последовательность событий и языковые нормы (орфографическую, пунктуационную и др.).

– Чётко и грамотно выполнять полный синтаксический разбор предложения (простого, осложнённого, сложного союзного и бессоюзного).

– Проводить комплексный анализ текста (тема и идея текста, тип и стиль речи, ключевые слова, синквейн к ключевому слову).

– Писать эссе на заданную тему или на тему, сформулированную самим участником на основе выделенной основной мысли.

– Выразительно и наизусть читать художественное произведение.

В 2020-2021 учебном году олимпиада была проведена онлайн-формате. В связи с чем она была ограничена одним туром. Участникам предлагались следующие задания:

1. Прочитайте внимательно текст.

2. Выделите основную мысль текста, сформулируйте тему своего эссе и озаглавьте его.

3. Составьте синквейн к ключевому слову в заглавии вашего эссе.

4. Напишите художественное эссе, выразив свою авторскую позицию.

5. Выпишите из текста выделенное предложение и выполните его полный синтаксический разбор, объясните расстановку знаков препинания.

Также участникам были предоставлены критерии оценивания и максимальные баллы за каждое задание. Надо учесть, что описанные задания необходимо было выполнить в течение 1 часа 30 минут. Причем в процессе написания эссе нужно написать черновик, а затем переписать работу начисто. Кроме ограниченности времени, учащиеся как носители языка могут испытывать трудности при создании художественного эссе. Мы считаем, что художественное эссе предполагает

использование изобразительно-выразительных средств языка, т.е., по сути, учащийся должен написать художественное произведение.

Остановимся еще на одном конкурсе – конкурсе «Полевая почта», ежегодно проводимом на уровне города и посвящённым памяти погибших в Великой отечественной войне 1941-1945 гг. Как творческий конкурс, он также предполагает написание эссе.

Эссе (от фран. *essai* «попытка», «проба», «очерк») – это литературный жанр прозаического сочинения небольшого объема и свободной композиции. Выражает индивидуальные впечатления и соображения автора по конкретному поводу и не претендует на исчерпывающую трактовку темы [5].

С понятием «эссе» учащиеся, изучающие русский язык в школах с государственным языком обучения, встречаются в 5 классе. Нарращивание навыков по написанию эссе можно проследить на основе целей обучения, усложняющихся от класса к классу:

5.4.5.1 писать эссе (объем 60-80 слов) по данному началу/концу, учитывая особенности текста повествования или описания;

6.4.5.1 писать эссе (объем 80-100 слов) по картине/ теме, учитывая особенности текста-описания/ текста-повествования/ текста-рассуждения;

7.4.5.1 писать эссе (объем 100-120 слов) на основе цитат, пословиц, поговорок, крылатых выражений, соблюдая особенности текста рассуждения, рассуждения с элементами повествования/ описания;

8.4.5.1 писать эссе (объем 120-140 слов) по предложенной проблеме, выражая свое согласие/несогласие с позицией автора, соблюдая особенности текста рассуждения, рассуждения с элементами повествования;

9.4.5.1 писать эссе (объем 140-160 слов) по предложенной проблеме, обосновывая свое мнение и предлагая пути решения проблемы, соблюдая особенности текста рассуждения, рассуждения с элементами повествования/ описания.

Таким образом, навыкам написания эссе учащиеся обучаются в течение всего процесса изучения предмета «Русский язык и литература». Безусловно, необходимо постоянно развивать навыки выражения собственных мыслей как в устной форме, так в письменной, не забывая при этом о логике и последовательности изложения.

В заключение укажем, что выполнение любого задания на уроке русского языка и литературы оказывает влияние не только на развитие учащегося, но и носит мультипликативный эффект, так как помогает выявить и поддержать наиболее способных детей и привлечь их к участию в различных конкурсах, олимпиадах и интеллектуальных играх.

Для повышения мастерства педагога в работе с одарёнными учащимися рекомендуем изучить следующую литературу:

1. Буяльский Б.А. Искусство выразительного чтения. – М.: Просвещение, 1986.
2. Воронина Н.В. Русский язык. Готовимся к экзаменам и олимпиадам. Задания и ответы. – М.: Дрофа, 2006.
3. Голуб И.Б. Риторика: учитесь говорить правильно и красиво. – М.: «Омега-Л», 2010.
4. Муфталова Л.Н. Язык художественного произведения. – Алма-Ата: Мектеп, 1986.
5. Шахова Н.В., Миронова В.Г. Школьные олимпиады. Русский язык, литература, английский язык. 8-11 кл. – Ростов н/Д: «Феникс», 2004.
6. Штоль А.А. Русский язык в таблицах. – Новосибирск: Сиб.унив.изд-во, 2006.

7. Якунина А. М. Русский язык. Комплексный анализ текста в 9 классе: дид.материалы. – М.: Айрис-пресс, 2005.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2025 года [ЭР]. Режим доступа <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=12629438>

2. Типовая учебная программа по учебному предмету «Русский язык и литература» для 5-9 классов уровня основного среднего образования (с нерусским языком обучения) по обновленному содержанию// О внесении изменений и дополнений в приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 3 апреля 2013 года № 115 «Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам, курсам по выбору и факультативам для общеобразовательных организаций». Приказ и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 25 октября 2017 года № 545 [ЭР]. Режим доступа <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015982>

3. Жанпейс У.А. Русский язык и литература. Учебник для 6 класса общеобраз.шк. с нерусским языком обучения. В 2-х частях. Часть 1/Есетова А., Озекбаева Н., Ерболатова А. – Атамұра, 2018. – 192 с.

4. Леонтьева О.Э. Работа с одаренными детьми на уроках русского языка [ЭР]. Режим доступа <https://nsportal.ru/shkola/russkiy-yazyk/library/2012/11/10/rabota-s-odarennymi-detmi-na-urokakh-russkogo-yazyka>

5. Что такое эссе и как его написать — правила и образец [ЭР]. Режим доступа <https://alzari.ru/ehsse.html>



### 3. К. РАЗБЕКОВА

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша педагогикалық  
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты  
[razbekova\\_z@mail.ru](mailto:razbekova_z@mail.ru)

#### ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

*Аннотация.* Бұл мақалада Блум таксономиясындағы жоғары танымдық деңгейлері мен жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылық деңгейлерінің өз-ара байланысы және оларды дамытуға бағытталған тапсырмалардың тиімділігі қарастырылған. Сонымен қатар, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу танымдық тапсырмаларды құрастыру маңыздылығы айқындалған.

*Түйінді сөздер:* PISA зерттеуі, функционалдық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы, құзыреттілік, оқу-танымдық тапсырмалар, сын тұрғысынан ойлау, Блум таксономиясы.

Халықаралық білім беру қағидалары негізінде құрылып жатқан еліміздегі 12 жылдық білім берудің енгізілуі жағдайында, Қазақстанның PISA салыстырмалы халықаралық зерттеуіне қатысуы білім беруді дамытуда өте маңызды. Оқушылардың математикалық, оқу және жаратылыстану сауаттылықтарын бағалайтын негізгі бағыттары болып қала береді.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру - білім алушының логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың үйлесімді жолы. Олай болса, функционалдық сауаттылық білім алушының белгілі ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және білім, білік дағдыларының жиынтығы.

Осындай мақсаттарға жету үшін төмендегідей міндеттер қойылады.

1. Білім алушының алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыра білу.
2. Білім алушылардың алған сапалы білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету.
3. Кез келген проблемалық ситуациялардың шешімін таба білуге үйрету.
4. Білім алушыларды ізденіске баулып, өз бетінше жұмыс істеуге үйрету.

Осы міндеттерді жүзеге асырудың бірі оқу-танымдық тапсырмалар арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру болып келеді.

Танымдық саладағы оқу мақсаттарының Блум таксономиясы бойынша жіктелуі бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау процессінде кеңінен қолданылады. Бастапқы және түзетілген Блум таксономиясы оқуды күрделілік деңгейінің өсуі бойынша алты танымдық деңгейге бөледі. Әрбір жоғары деңгей алдыңғы деңгейде меңгерген дағдыларға негізделеді (1-сурет).

Блум таксономиясының танымдық деңгейлері жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылықтың төменгі деңгейіне жеткен білім алушылар нені көрсете алады?

Танымдық процесс «білім» деңгейінде тізім құру; терминдерді, оқиға мерзімдерін, формулаларды анықтау; ұғымдарды атау; тізімді белгілеу, теореманы айту. «Түсіну» деңгейінде ұғымдарды санатқа жіктеу; материалды қорытындылау; әрекеттерді сипаттау; көзқарастарды, сипаттамаларды салыстыру. «Қолдану» деңгейінде қағидатты қолдану; процедураларды орындау немесе енгізу [1].



1-сүрет. Танымдық саладағы оқу мақсаттарының Блум таксономиясы бойынша жіктелуі

Ал, PISA 15 жастағы білім алушылардың жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылығын халықаралық бағалау алты басты құрамдас бөлімді белгілейді (1-кесте).

**1-кесте. Жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылық пен Блум таксономиясы деңгейлерінің салыстырма кестесі**

Блум таксономиясының танымдық деңгейлері	Жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылықтың деңгейлері
Танымдық процесс «білім» деңгейінде «Білім алушы ақпаратты есіне түсіре ала ма?» деген сұраққа жауап береді.	1-деңгейге жеткен білім алушылар қарапайым себеп-салдарлық немесе корреляциялық байланыстарды көре алады, графикалық және басқа көрнекі деректерге түсінік бере алады.
«Түсіну» деңгейінде «Білім алушы идея мен мазмұнды түсіндіре ала ма?» деген сұраққа жауап береді.	2-деңгейге жеткен білім алушылар жаратылыстану ғылымдарының тәсілдерімен зерттелетін мәселелерді танып, базалық танымдық қабілетті көрсетеді.
«Қолдану» деңгейінде «Білім алушы ақпаратты таныс жағдайда немесе жаңа мазмұнда қолдана ала ма?» деген сұраққа жауап береді.	3-деңгейге жеткен білім алушылар ғылыми және ғылыми емес мәселелердің арасындағы айырмашылықтарды ажырата алады және ғылыми тұжырымға дәлел келтіре алады.
Танымдық процесс «Талдау» деңгейінде «Білім алушы берілген көлемді ақпаратты бөліктерге жіктеп, олардың әрқайсысының мазмұнын немесе олардың бір-бірімен байланысын анықтай ала ма?» деген сұраққа жауап береді.	4-деңгейге жеткен білім алушылар деректердің қарапайым жиынтығына жататын немесе бейтаныс мән-мәтіндердегі деректерге түсінік бере алады, өз қорытындыларын негіздей отырып, деректердің талдауынан шығатын қорытындылар ала алады.
«Жинақтау» деңгейінде «Білім алушы жаңа идея, көзқарас, жаңа тәсіл немесе жаңа өнім ұсына ала ма?» деген сұраққа жауап береді.	5-деңгейге жеткен білім алушылар оларға берілген сұрақты зерттеудің әртүрлі тәсілдерін ғылыми тұрғыдан бағалай алады және деректерге түсінік бергенде шектеулерді, соның ішінде қателіктің дереккөздерін және ғылыми деректердегі белгісіздікті көре алады.

«Бағалау» деңгейінде «Білім алушы өз ойын, қабылдаған шешімін негіздей ала ма?» деген сұраққа жауап береді.	6-деңгейге жеткен білім алушылар күрделі эксперименттерді, зерттеулерді өткізу және компьютерлік жобалаудың балама тәсілдеріне баға бере алады және өз таңдауын түсіндіріп бере алады.
---	--

Яғни, білім алушылардың құзыреттілігін алты деңгей бойынша бағалаудың 1-ші, 2-деңгейлерге сәйкес базалық танымдық қабілетті көрсетеді.

2 - деңгейде қарапайым күнделікті өмірде өз білімі мен дағдысын қолдана білу ептілігі бағаланады. Оқушылардың қарапайым базалық білімін көрсете білуі «Ең төменгі» 1-ші және 1-ден төмен деңгейге сәйкес. ЭЫДҰ-ның анықтауы бойынша тек қана 1 және 1-ден төмен деңгейдің тапсырмаларын орындай алатын білім алушылар «функционалды сауатсыз» деп есептеледі.

Танымдық процесс «Талдау» деңгейінде реттілігін зерттеу, нәтижені болжау, «Жинақтау» деңгейінде зерттеу жұмысын немесе жаңа идея, теория әзірлеу; жаңа мүмкіндіктер ұсыну; тың идеялар ойлап шығару және «Бағалау» деңгейінде өз таңдауын, жасаған қорытындысын сипаттау; бағаны, әрекетті тексеру; баламасын, негізгісін, ерекшесін таңдау секілді әрекеттер білімалушылардың ойлау дағдыларының жоғары деңгейлері болып келеді.

3 - 4 деңгейге жаңа ақпаратты табу үшін білімі мен шеберліктерін қолдана алатын қабілеттері сәйкес келеді.

5-деңгейге жеткен білім алушылар оларға берілген сұрақты зерттеудің әртүрлі тәсілдерін ғылыми тұрғыдан бағалай алады және деректерге түсінік бергенде шектеулерді, соның ішінде қателіктің дереккөздерін және ғылыми деректердегі белгісіздікті көре алады. 6-деңгейге жеткен білім алушылар күрделі эксперименттерді, зерттеулерді өткізу және компьютерлік жобалаудың балама тәсілдеріне баға бере алады және өз таңдауын түсіндіріп бере алады.

Яғни, халықаралық бағалаудың «Ең жоғарғы» (5 және 6 деңгей) бағасын ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай білуі, мәтінді ұғыну мен интерпретациялау, қорытындыны дәлелдеп, өзінің болжамдарын ұсына алатын, дағдыларын көрсете білетін оқушылар иелене алады.

15 жастағы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалайтын PISA халықаралық бағдарламасының нәтижелері қазақстандық 15 жастағы білім алушылардың төмен деңгейде қалыптасқан құзыреттерін дәлелдейді. Білім алушылар мен студенттер ғылыми танымды көрсетуге, эксперимент жасауға және өз жауабын негіздеуге, күрделі жаратылыстану ғылымдары бойынша құбылыстарға, оқиғаларға және процесстерге түсінік беруге қиналады [2].

Осы тұрғыда білім алушылардың ойлау дағдыларын жетілдіру функционалды сауаттылықты дамыту үшін өте маңызды.

1 кестеде күрделілік деңгейінің өсуіне сәйкес танымдық процестің мазмұны және білім алушылардың нені көрсете алатындығы бойынша жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылықтың деңгейлері көрсетілген.

Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге және жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылықтың деңгейлері сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмаларды құру оқытудың белсенді әдістердің мәні- білім алушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады.

«Жаратылыстану» пәні – «Биология», «География», «Физика» және «Химия» пәндерін негізгі мектепте оқытудың негізін қалауға, алған білімдерін күнделікті өмірде

(үйде, мектепте, табиғат әлемінде) кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған пропедевтикалық курс екендігі белгілі. Оқу пәнінің мақсаты білім алушылардың бойында ғылыми жаратылыстану білімін, табиғат пен қоғамның өзара байланысы, заңдылықтар туралы ұғым мен тұтас көзқарас қалыптастыру, алған білімдерін күнделікті өмірдегі табиғи құбылыстар мен процестерді түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану біліктерін дамыту болып табылады. Ал, білімалушының нақты жағдайларда ғылыми әдіс көмегімен шешілетін, зерттелетін проблемаларды анықтау үшін, тәжірибе мен бақылау негізінде қорытындыға қол жеткізу үшін жаратылыстану білімін қолдану қабілетін жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы деп анықталады.

Білімалушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын табысты ету үшін, тиімді жұмыс жүйесін құру қажет:

1) әртүрлі оқу пәндерінің тақырыптық материалдарынан тапсырма даярлау керек, оның дұрыс орындалуы білім мазмұнының кіріктірілуін талап етеді.

2) шығармашылық тапсырмаларды сабақта және сабақтан тыс іс-шараларда қолдануды арттыру керек.

Егер білім алушылардың белгілі бір тапсырмаларды ой елегінен өткізуге ықпал ететін, осы жағдай проблемаларын зерттеуге және одан шығу жолдарын көрсететін жаңа мәтіндер мен тапсырмалар құрастырылса, онда жаратылыстану пәндері бойынша ғылыми концепцияны түсіну, білу, жеке шешім қабылдай алу, қоғамның мәдени экономикалық дамуына әсер ете білетін белсенді тұлға қалыптасады.

Жаратылыстану ғылыми сауаттылығының қалыптасуына құзыреттілік түрлерін қарастыруға болады:

-жаратылыстану ғылыми зерттеудің негізгі ерекшеліктерін түсіну (немесе жаратылыстану ғылыми әдістерін тану);

-бар ғылыми білімдер негізінде жаратылыстану ғылыми құбылыстарды түсіндіру және сипаттауды білу, сондай-ақ өзгерістерді болжай алу;

-ғылыми дәлелдемелерді қолдана білу және бар мәліметтерден қорытынды алу үшін, оларды талдау және дәлелді бағалау.

Осы үш негізгі құзыреттіліктерге сәйкес тапсырмалардың үш жалпы топтарын анықтауға болады.

Бірінші топқа енетін тапсырмалар ғылыми тану әдістеріне жататын, ғылыми білімдерді алу тәсілдеріне жататын құзыреттілікке тиісті. Осы тапсырмаларда оқушыға қандай болмасын фактілерді орнату тәсілдерін табу ұсынылуы мүмкін, физикалық өлшемді анықтау, гипотезаларды тексеру, ұсынылған мәселенің зерттеу жоспарын белгілеу. Мысалға төмендегі тапсырманы қарастырайық: «Катиондарды сапалы анықтау» мәтінін оқып, 1-3 тапсырмаларды орындаңыз. Катиондарды сапалы

*Сен білесің бе?* Медицинада қолданатын барий сульфатынан басқа, суда еритін барийдің қосылыстары улы болады. Варий иондарымен уланған жағдайда, 10 пайыздық натрий сульфатының ерітіндісі (глаубер тұзы) қолданылады. Еритін барий тұздары натрий сульфатымен әрекеттесіп, ерімейтін варий сульфатын түзейді. Осы мақсатта магний сульфатын да қолдануға болады.

анықтау. Сапалы реакция зерттелетін заттың құрамына қандай элемент, иондар кіретінін анықтауға мүмкіндік береді. Бейорганикалық заттарға сапалы идентификация «құрғақ» немесе «сулы» әдістермен жүргізіледі. «Құрғақ» әдіске жалын түсінің құрғақ тұзбен боялуы жатады. Сапалық құрамды анықтауда «сулы» әдіс қолданылады. Егер зерттелетін зат қатты болған жағдайда оны ерітінді күйіне әкеледі. Ерітіндідегі иондар сапалық реакциялар арқылы анықталады. «Сулы» әдісте көзге көрінетін өзгерістер байқалады: ерітінді түсінің өзгеруі, тұнбаның түсуі немесе еруі, газдың бөлінуі.

Ерітіндідегі  $\text{Li}^+$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$  иондарын сыртқы өзгеріс белгілері арқылы анықтау мүлдем мүмкін емес. Сондықтан оларды жалын түсінің боялуы арқылы анықтайды. Кейбір иондарды екі әдіс арқылы анықтауға болады. Мәтінді оқу мақсаттары: білім алу үшін оқу. Мәтін түрі: аралас мәтін (жалпылама мәтін, сурет, кестелік деректер).

1 сұрақ. Сапалы реакцияның анықтамасын тұжырымдау.

2 сұрақ. Геологтар мен минерологтар үшін минералдардың сапалық құрамын білу өте маңызды. Белгілі бір минералдың сапалық құрамын анықтау кезінде алынған ерітіндіге гексацианоферрат (II) калий ерітіндісінің бірнеше тамшысын қосыңыз. Реакция нәтижесінде қоспаның түсі қою көк түске боялады. Сіздің ойыңызша, ерітіндінің көк түске боялуының себебі неде?

3-сұрақ: барий сульфаты медицинада барий қосылыстары улы болғанына қарамастан рентген-контрастты зат ретінде қолданылады?

Оқу дағдылары тобы: ақпаратты біріктіру және түсіндіру

Келесі тапсырмалар мәтін арқылы құрылған [3].

1-мәтін. «Қалайы обасы»

▪ «Қалайы обасы» - Роберт Скоттың 1912 жылы Оңтүстік полюске жасаған экспедициясының өлімінің себептерінің бірі. Экспедиция отынсыз қалды. Ол танктерден қалайы арқылы бекітілген (дәнекерленген) жерлер арқылы ағып кетті.

Кейбір тарихшылар «қалайы обасын» 1812 жылдың қысында Ресейде Наполеон Бонапарт армиясының жеңілуінің бір жағдайы ретінде атап өтті – француз сарбаздарының киімдеріндегі қалайы түймелері ұнтаққа айналды.

▪ «Қалайы обасы» қалайы сарбаздарының көптеген құнды коллекцияларын жойды. Олардың бірі Александр Суворовтың Санкт-Петербург мұражайының қоймаларында қыста жылыту батареялары жарылып кеткендігінен сақталған жертөледе жойылды.

2-мәтін «Қалайы обасы»

Ақ қалайы-қорғасынға ұқсайтын әдеттегі металл, бірақ жеңіл және қатты. Қалайы ежелден бері белгілі және қола құрамына кіреді – адам ойлап тапқан алғашқы қорытпалардың бірі (қалайы + мыс). Қалайы да, мыс та өте жұмсақ және тез балқитын металдар, ал қола әлдеқайда күшті, сондықтан ол қола дәуірін бастайтын қару – жарақ, ыдыс-аяқ пен құралдарды жасауға өте ыңғайлы болды. Дегенмен, ақ қалайы (сурет.1) өте тар температуралық режимде,  $161$  және  $13,2$  °C аралығында болады. Төмен температурада қалайы өздігінен сұр аллотропты пішінге айнала бастайды (сурет.2) ұнтақты немесе тіпті шаңды еске түсіреді. Бұл процесс максималды қарқындылыққа  $-39$  °C-қа жетеді және металл қалайыдан ештеңе қалмайды.



Ақ қалайы



Сұр қалайы

Қалайы аллотропты модификациясының ең қауіпті ерекшелігі-жұқпалы. Сұр қалайы, байланыс кезінде, егер температура төмен болып қалса, ақ қаңқаны сұрға айналдырады. Сонымен, жылытылмаған бөлмеде шкафқа салынған аяздан әкелінген қалайы ыдысы қалған қалайы ыдыстарын жұқтыруы мүмкін.

«Қалайы обасы» тек химиялық таза қалайыға ғана тән, оны қорғау үшін қалайы негізіндегі қорытпаны таңдау жеткілікті. Мысалы, қазіргі уақытта компьютер қорытпасы кеңінен танымал, оның заттары Ежелгі Египет мәдени қабатының қазба жұмыстарында да табылған. Ең сапалы компьютер 95% қалайы, 2% мыс және 3% сурьмадан тұрады. Дәл осы қорытпадан «Оскар» мүсіні жасалған.

Мәтіндер қалай байланысты екендігі туралы түсініктеме: Екінші таңдалған мәтін бірінші мәтіннен ақпаратты толықтырады. Екінші мәтінде қоршаған орта жағдайларына, сондай-ақ қалайы қорытпаларына байланысты қалайының физикалық сипаттамасы туралы айтылады.

Осы тұрғыдағы мәтіндерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беру, тапсырмаларды орындау барысында ақпаратты табу және алу, мәтіннен ақпаратты пайдалану дағдылары мен ақпараттың бір бірлігін табу және алу, мәтіннің әртүрлі бөліктерінен немесе әртүрлі мәтіндерден ақпаратты біріктіру негізінде қорытынды жасау және мәтіннен алынған ақпарат негізінде өз гипотезасын тұжырымдау, оқиғаларды, процестің барысын, эксперимент нәтижелерін болжау бойынша оқу қабілеттері дамиды.

Екінші топ тапсырмалары үдеріс барысы немесе өзгерістерді болжауға, құбылыстарды түсіндіру және сипаттау біліктерін қалыптастырумен байланысты құзыреттілікке тиісті (құзыреттіліктің екіншісі). Осы біліктер анық ғылыми білімдер мөлшерінде негізделмей, сондай құбылыстардың модельдерімен қызмет ету қабілеттілігінің, және сол тілде түсіндірме және сипаттама беріледі.

Үшінші құзыреттілікке тиісті тапсырмалар бар мәліметтер негізінде қорытынды алуға біліктілікті алуды қалыптастырады. Осы тапсырмалар сандар, суреттер, кестелер, схемалар, диаграммалар, сөз сипаттамасының көпшілік түрінде беріледі.

Демек, білімалушыларға тапсырмаларды құрастыруда олардың функционалдық сауаттылығына, жан-жақты болуына, өзінің ісіне сыни көзқарас қалыптастыра алуына жағдай жасау деген сөз.

2021 жылдың жаңа кезеңінде алғаш рет 15 жастағы оқушылардың сыни ойлауы зерттеледі. Сыни ойлау - инновациялық және тиімді шешімдер, жаңа білім алуға немесе қиялды әсерлі білдіруге бағытталған идеяларды әзірлеу, бағалау және жетілдіру процесіне нәтижелі қатысу қабілеті деп қарастырылады.

TIMSS, PISA зерттеулерінде жауапты таңдауға арналған тапсырмалар білімді меңгеру деңгейін бағалау үшін пайдаланылады, ал біліктер мен оқу-танымдық әрекеттердің қалыптасу деңгейін бағалауға қысқа және ашық жауапты талап ететін тапсырмалар пайдаланылады.

Мысалы: Арман су толтырылған шәйнекті плитаға қойды. Ол су қайнай бастаған кезден бастап оның температурасын өлшеді. Термометр 100 °C температураны көрсетті. Арман плитаның температурасын арттырды. Су 5 минут қайнап тұрды. Ол содан кейін судың температурасын қайта өлшеді. Термометр қандай температураны көрсетеді: 100 °C-тан төмен бе, 100 °C па, әлде 100 °C-тан жоғары ма?

Жауап: \_\_\_\_\_. Жауабыңызды түсіндіріңіз.

Физика мен математика сабақтарында пайда болған дағдыларды қолдана отырып, білім алушылар тәжірибе барысында температураны өлшейді және өздерінің бақылауларын жалпылап, сәйкес қызу және салқындау үрдістерінің графиктерін құрастырады. PISA, TIMSS халықаралық зерттеулерінде кестелер,

диаграммалар, суреттер, графиктер түрінде берілген ақпаратты құру, түсіндіру, және жалпылауға бағытталған тапсырмалардың жиі кездеседі [2].

Шынайы өмірдегі кейбір маңызды биологиялық үдерістердің химиялық жағы қарастырылады. Биология курсынан алған білімді пайдаланып, білім алушылар адам ағзасының химиялық құрамын, кейбір уытты заттардың адам ағзасына әсерін зерттейді. Осылайша, шынайы өмірмен тығыз байланысты оқу үдерісін жүзеге асыру, сонымен қатар білім алушылардың әлемге деген тұтас көзқарасын қалыптастыруға себептесетін оқуға ықпалдастық әдістемені қолдану күтілуде.

Білім алушылардың «Жаратылыстану» және «География» курстарынан алған Қазақстандағы минералды ресурстар мен жанармай қорлары туралы білімдерін тағы бір рет жинақтап қорыту мүмкіндігі бар. Жер қыртысының химиялық құрамына, кендерден металдарды өндіру негіздеріне қатысты мәселелер қарастырылуда. Бұл тақырыпты зерттеу білім алушылардың жансыз табиғаттағы үдерістер туралы білімін, сонымен қатар Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін дамытады.

Химия сабақтарын оқытуда тиімді құралдарының бірі деңгейлік саралауды жүзеге асыру, яғни әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды пайдалану табылады.

Оқу барысында білімалушылар күрделілігі үш түрлі деңгейдегі тапсырмаларды таңдап және орындай алады:

- Қайталау деңгейдегі тапсырмалар білім берудің міндетті деңгейінен тұрады. Білім алушыларға мұндай есептерді шешу үшін дайын алгоритм беріледі, олар алгоритмге сүйене отырып, тапсырманы біртіндеп орындайды.

- Орта (өнімді) деңгейдегі тапсырмалар жаңа материалды жалпылауды қажет етеді, қорытындылар жасауға, жаңадан туындаған жағдайларда өз білімін қолдана білуге итермелейді. Мұнда білім алушыларға мұғалім берген дайын мәліметтерді немесе мәселенің жалпы шешімін негізге ала отырып, тапсырманы орындау ұсынылады. Мұғалім берілген тапсырманы шешудің бір нұсқасын өзі көрсетуі мүмкін, ал білім алушылар ойланып, өздерінің шешу жолдарын жүзеге асыруы тиіс.

- Жоғары (шығармашылық) деңгей, шығармашылық элементтеріден құралған тапсырмаларды орындаудан тұрады. Мұндай салыстыру, талдау, қорытынды жасау, сондай-ақ шығармашылық ойлауды талап ететін қиындығы жоғары тапсырмаларды шешу кезінде берілген мәселенің бірегей шешімдерін табу керек. Мұнда білім алушыларға тапсырманың тек сипаттамасы ғана беріледі, ал шешу әдісін олар өздері табады.

Осындай ілгерілемелі үдеріс бойынша оқушы алғашқы (төменгі) сатыдан бастап, өз мүмкіндігіне сәйкес деңгейге дейін көтеріле алады. Білім алушылардың алға ұмтылуына мұғалімнің де ықпалы бар: білім алушылардың алдына мәселе қойып, белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы сабаққа қызықтыруы олардың өздеріне жоғары мақсат белгілеп, жетуіне бағыттайды.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін жаратылыстану бағытындағы пәндер білім алушылардың сапалы тапсырмаларды өз бетінше орындауына көп көңіл бөледі. Сапалы жаттығулар білім алушылардың сын тұрғыдан ойлау қасиетін шыңдайды және нәтиженің өнімділігін арттырады. Сабақта әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолдана отырып, білім алушылардың ой - өрісін дамытуға, тапсырма орындау кезінде шығармашылығын арттыруға, теориялық білімдерін практикада қолдана білуге үйретеді. Білім алушының өздігімен дамып, функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

PISA зерттеулерінің әдісімен тест тапсырмаларын құрудағы қиындықтарды шешу жолдары ретінде мына мәселелерді атап өткен жөн:

1. Білім алушыларға тапсырмаларды 6 деңгейлі Блум таксономиясы негізінде құрып, ондағы білу, түсіну, қолданудан гөрі талдау, жинақтау, бағалауға мән беру.

2. Стандарт талаптарына сай берілген тапсырмаларды орындаумен қатар білім алушының өмірде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыруға көңіл бөлу.

3. Білім алушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін, білім беруде сабақтың құрылымын өзгерту, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолдану.

4. Оқушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын-ала ескерту.

5. Тапсырманы зейін қойып, орындауға және эксперименттік есептер, зертханалық шағын зерттеу жұмыстарын орындата отырып, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін-өзі бағалауға үйрету.

Осы іс-әрекеттерді орындаған жағдайда оқушыға жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашылады.

Ол үшін мұғалімдердің жан-жақтылығы, шығармашылығы, білімі жоғары деңгейде болуы керек.

Тапсырма әзірлеу барысында неге назар аудару керек?

Білім алушылар үшін жақсы практикалық тапсырма құрастыру – жай ғана техникалық тұрғыдан жүзеге асыру емес, ол – түсіну мәселесі, себебі олар алған білімін тәжірибеде қолданатын болады.

Тапсырманы құрастыру барысында тапсырма әзірлеуші мұғалім қандай кезеңдерден өтеді?

Тапсырма әзірлеудің жоспарлау, құрастыру, сараптау, қолдану, талдау сияқты бірнеше кезеңдерін атап өтуге болады.

Жоспарлау кезеңінде бағалауға арналған тапсырманың әзірлеу мақсаты мен міндеттері айқындалып, қажетті құжаттар анықталады.

Құрастыру кезеңінде пәннің оқу бағдарламасын, спецификацияны қолдану арқылы тапсырма әзірленеді. Сараптама жасау кезеңінде тапсырманың сапасын талдап, материал қайта қаралады, қажет болған жағдайда тиісті өзгертулер енгізіледі. Қолдану кезеңінде белгіленген уақыт пен жағдайға сәйкес тапсырма қолданысқа енеді. Талдау кезеңінде тапсырманы қолдану нәтижесі талданады, қажет болған жағдайда өзгертулер енгізіледі.

Танымдық немесе ашық тапсырмалар жоғары деңгейлі танымдық дағдыларды тексеруге, дәлелдер келтіруге, қойылған проблемаға қатысты өзінің жеке көзқарасын білдіруге, сыни ойлауға арналған. Ашық тапсырмаларды әзірлеу тапсырма құрастырушы мұғалімдерден жоғары кәсібилікті талап етеді. Мұндай тапсырмаларды күнделікті сабақта, бағалау процестерінде шеберлікпен пайдалану білім алушылардың жоғары танымдық ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Ашық тапсырмалардың бірқатар артықшылығын атап өтуге болады, мысалы ашық тапсырма қолдану арқылы:

- Тақырып мазмұнының басым бөлігін қамтуға мүмкіндіктің болуы;
- Шығармашылыққа, жүйелі және стандартты емес ойлауға, білім алушының білім, дағдысы мен қабілетін түрлі тәсілдер арқылы көрсетуге мүмкіндік болуы;
- Дайын өнім құруға мүмкіндіктің болуы;
- Дәлелді жауап беру арқылы білім алушының өзін көрсетуге мүмкіндіктің болуы.

